

ISSN 1728-550X

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university named after Abai

ХАБАРШЫ

Серия «Международная жизнь и политика»
«Халықаралық өмір және саясат» сериясы
A series of «International Affairs and Politics»

№3(58), 2019

Алматы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university named after Abai

ХАБАРШЫ

Серия «Международная жизнь и политика»,
«Халықаралық өмір және саясат» сериясы
A series of «International Affairs and Politics»

№3(58)

Алматы, 2019

ХАБАРШЫ

«Халықаралық өмір және саясат»
сериясы
№3(58), 2019 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2002 ж. бастап шығады.

Бас редактор:
ҚР ХҒА акад., т.ғ.д., проф.
Е.А. Кузнецов

Бас ред. орынбасары:
з.ғ.д., проф. А.А. Сабитова

Редакция алқасы:
проф. **Victor Pou** (Испания),
з.ғ.д., проф. **Р.Ф. Мамедов**
(Әзірбайжан),
з.ғ.д., проф. **Л.Д. Тимченко**
(Украина),
з.ғ.д., проф.

Barbara Janusz-Pawletta
(Германия),
саяси ғ.д., доц. **Ж.К. Симтиков**,
саяси ғ.д., доц. **А.К. Құрманғали**,
саяси ғ.к., доц. **Т.Н. Чумаченко**,
К.И. Исағалиев
(ҚР еңбек сіңірген дипломаты),
з.ғ.д., проф. **Р.М. Валеев** (Ресей)

Жауапты хатшы:
ф.ғ.д., қауымд. проф.
Ш.А. Сабитова

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2020

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10105-Ж

Басуға 08.01.2020 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8.
Көлемі 18,5 е.б.т.
Таралымы 300 дана.
Тапсырыс 167.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ
INTERNATIONAL RELATIONSHIPS

Мұсатаев С.Ш., Байназар Ж.О. «Бір белдеу, бір жол» жобасы ауқымындағы Қазақстан мен Қытайдың ынтымақтас-тығының мәселелері мен келешегі.....	7
Mussataev S.Sh., Bainazar Zh.O. Problems and prospects of cooperation between Kazakhstan and China within the framework of the project “One belt, one road”.....	8
Жамансарин Н.Ш. Основной компонент национальной безопасности.....	16
Zhamansarin N.Sh. The core component of national security.....	16
Чумаченко Т.Н. Сотрудничество Индии и США в военной сфере на современном этапе.....	20
Chumachenko T.N. Cooperation of India and the USA in the military sphere at the present stage.....	20
Бюжеева Б., Әліпбаев А., Биссембаева Л. Жаһандану жағдайындағы Ресей мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестік: мүдделер тоғысының мәні мен болашағы.....	25
Byuzheyeva B., Alipbayev A., Bissembayeva L. The strategic partnership of Russia and Turkey in the context of globalization: the essence of the convergence of interests and perspective.....	27
Матакбаева Л.Х. К вопросу о формировании новых региональных моделей экономического партнерства.....	33
Matakbaeva L.Kh. To the question of forming new regional models of economic partnership.....	33
Kurmanguzhin R., Denial Saari, Adibayeva A. Chinese economic interests in Central Asia.....	37
Құрманғужин Р., Саари Даниал, Адибаева А. Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық мүдделері.....	37
Ержан Ә., Байтурбаева А.Т. Роль Франции в расширении сотрудничества со странами Евразийского пространства.....	41
Yerzhan A., Baiturbayeva A.T. Role of France in expanding cooperation with the countries of the Eurasian space.....	42
Канафин А., Канафина Г. Программа «Один пояс – один путь»: внешнеполитический курс Китая в Африканском континенте.....	47
Kanafin A., Kanafina G. «One belt – one path» program: China's foreign policy in Africa.....	48
Төлегенов Т.З., Қадылбекова З. Қытайдың көршілес елдермен сыртқы қатынасы.....	53
Tolegenov T.Z., Kadylbekova Z. China's foreign policy in relations with neighboring countries.....	54
Шарипов С., Құрманғали А.К. Некоторые аспекты политической истории ЮАР.....	58
Sharipov S., Kurmangali A.K. Some aspects in the political history of South Africa.....	59

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия
«Международная жизнь и политика»
№3(58), 2019 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2002 года.

Главный редактор:
акад. МАН ВШ, д.и.н., проф.
Кузнецов Е.А.

Зам. гл. редактора:
д.ю.н., проф. Сабитова А.А.

Члены редколлегии:
проф. Victor Pou (Испания),
д.ю.н., проф. Мамедов Р.Ф.
(Азербайджан),
д.ю.н., проф. Тимченко Л.Д.
(Украина),
д.ю.н., проф.

Barbara Janusz-Pawletta
(Германия),
д.полит.н., доц. Симтиков Ж.К.,
д.полит.н., доц.
Курмангали А.К.,
к.полит.н., доц. Чумаченко Т.Н.,
Исагалиев К.И.
(заслуженный дипломат РК),
д.ю.н., проф. Валеев Р.М. (Россия)

Ответственный секретарь:
д.ф.н., ассоц. проф.
Сабитова Ш.А.

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2020

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая 2009 г. №10105-Ж

Подписано в печать 08.01.2020.
Формат 60x84 1/8. Объем 18,5 уч-изд.л. Тираж 300 экз. Заказ 167.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического университета имени Абая

Меңілбаев Ғ.А. Қазақ мемлекетінің қалыптасуы, дамуы және әлемдік аренадан алатын орны..... 61
Menilbayev G.A. Formation and development of the Kazakh state and its place on the world stage..... 62

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ. БІЛІМ
МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО. ОБРАЗОВАНИЕ
INTERNATIONAL LAW. EDUCATION

Әбдібек А.Ш., Сабикенов С.Н. Халықаралық деңгейде құлдыққа, құл саудасына қарсы күрес..... 67
Abdibek A.Sh., Sabikenov S.N. Combating slavery and the slave trade at the international level..... 68

Бекбердиева А. Европейская гражданская инициатива как инструмент демократии..... 71
Bekberdiyeva A. European citizens' initiative as a tool of democracy..... 71

Karibova N.I. Problems of adaptation of migrants in the modern world..... 74
Карибова Н.И. Заманауи әлемдегі мигранттарды адаптациялау проблемалары..... 75

Хусайнов О.Б., Иманбаева А.А. Концепция гендерного равенства в странах Европы..... 78
Khussainov O.B., Imanbayeva A.A. The concept of gender equality in Europe..... 79

Leili Duzenova. La responsabilité pénale des entreprises..... 81
Дузенова Л. Компаниялардың қылмыстық жауаптылығы..... 81

Абрешева С.М., Муса А.Д. Республика Казахстан в составе интерпола..... 85
Abresheva S.M., Mussa A.D. The Republic of Kazakhstan as part of interpol..... 86

Жабелова Т.Е., Болатбек А. Бұқаралық ақпарат құралдары және халықаралық қақтығыстар..... 88
Zhabelova T.E., Bolatbek A. Media and international conflicts... 89

Сабитова Ш.А., Нурмагамбетова А.А. К вопросу о языковой политике в Республике Казахстан..... 91
Sabitova Sh., Nurmagambetova A. To the question of language policy in the Republic of Kazakhstan..... 92

Кабдушев Б.Ж., Нұрғалым К.С. Ұлт үшін қызмет қылған.... 95
Kabdushev B.Zh., Nurgalym K.S. Service of the motherland..... 96

Ахмедова С.Ж. Педагогические вопросы качества стандартов туристского образования..... 101
Akhmedova S.Zh. Pedagogical issues of quality standards of tourist education..... 102

Шайданов М.У. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік тілдік және мәдени біліктіліктің кілгі ретінде..... 106
Shaidanov M.U. Socio-cultural competence as key competence of cultural and linguistic education..... 106

**Kazakh National Pedagogical
University named after Abai**

BULLETIN
*a series of «International Affairs and
Politics» №3(58), 2019*

Periodicity – 4 numbers in a year.
Publishing from 2001.

Editor in chief
*doctor of Historical Sciences, professor,
Academician of International Academy
of Sciences of the high school*

Kuznetsov E.A.

Deputy editor
Doctor of Law, professor
Sabitova A.A.

Members of the editorial board:
*professor Victor Pou (Spain),
Doctor of Law, professor*
Mamedov R.F. (Azerbaijan),
Doctor of Law, professor
Timchenko L.D. (Ukraine),
Doctor of Law, professor
Barbara Janusz-Pawletta (Germany),
*Doctor of Political Sciences,
Associate professor*
Simtikov Zh.K.,
*Doctor of Political Sciences,
Associate professor*
Kurmangali A.K.,
*Candidate of Political Sciences,
Associate professor*
**Chumachenko T.N.,
Isagaliyev K.I.**
*(Honored diplomat of the RK),
Doctor of Law, professor*
Valeev R.M. (Russia)

Executive Secretary:
*Doctor of Philological Sciences,
Associate professor*
Sabitova Sh.A.

© **Kazakh National Pedagogical
University named after Abai, 2020**

Registered in the Ministry of Culture
and Information of the Republic of
Kazakhstan May 8, 2009 №10105-Zh

Signed in print 08.01.2020.
Format 60x84 1/8. Volume 18,5
teaching and publishing lists.
Edition 300 num. Order 167.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,
KazNPU named after Abai

Publishing House “Ulagat” of the
Kazakh National Pedagogical
University named after Abai

Канаева А.Ж. Жаңа технологиялар арқылы оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту.....	110
Kanayeva A.Zh. Development of speech skills students using new technologies in the lessons of the kazakh language with a non-kazakh language of teaching.....	111
Нургалым К.С., Сабитова Ш.А., Шолтай С.Ш. Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық.....	114
Nurgalyim K.S., Sabitova Sh., Sholtay S. International cooperation in the use of the media.....	115
Janabayeva A.N., Sabitova A.A. Basic requirements for the refugee status determination procedure in international law.....	118
Джанабаева А.Н., Сабитова А.А. Халықаралық құқықтағы босқын мәртебесін анықтау рәсіміне қойылатын негізгі талаптар.....	119
Хусаинов О.Б., Жуматаев Г. Международная организация уголовной полиции или интерпол.....	122
Khusainov O.B., Zhumatayev G. International criminal police organization, or Interpol.....	123
Кадирғалиева А.К. О праве и правах человека в теории правопонимания.....	126
Kadirgalieva A.K. About right and human rights in the theory of law understanding.....	127
Хусаинов О.Б., Навердинов Р.М. Современное значение и понятие рецидива преступлений.....	132
Khusainov O.B., Naverdinov R.M. Current significance and the concept of criminal recidence.....	132

ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРДЫҢ МАҚАЛАЛАРЫ ПУБЛИКАЦИИ ЗАРУБЕЖНЫХ УЧЕНЫХ PUBLICATIONS OF FOREIGN SCIENTISTS

Ken Harvey, Nygmet Ibadildin. How international business trends in mobile technology will impact Kazakhstan.....	136
Кен Харви, Нығмет Ибадилдин. Ұялы мобильдік технологиядағы халықаралық бизнес тәртібі Қазақстанға қалай әсер етеді?.....	136

МЕРЕЙТОЙ ИЕГЕРІ

Н.Мұқаметханұлы. Қайрат Исағалиев туралы бір үзік сыр (80 жасқа толуына орай).....	143
---	-----

НОВОСТИ

Сабитова А.А., Кристин Бугейе. Международное и научное сотрудничество Института Сорбонна-Казахстан.....	146
--	-----

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ
INTERNATIONAL RELATIONSHIPS

УДК 327; 339.9
МРНТИ 11.25.67

С.Ш. Мұсатаев¹, Ж.О. Байназар²

¹с.ғ.д., саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессоры,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²«Саясаттану» мамандығының 2 курс магистранты,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

**«БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» ЖОБАСЫ АУҚЫМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН
ҚЫТАЙДЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ**

Аңдатпа

Зерттеу тақырыбы туралы кіріспе сөз. Қазіргі заманғы маңызды жобалардың бірі «Бір белдеу, бір жол» жобасы болып табылады. Ұлы Жібек жолын жаңғырту ХХІ ғасырдың маңызды жобасы саналады және оны дамыту бүкіл Евразия кеңістігіне игі ықпал етеді. Бұл мегажоба Европа мен Азияның арасындағы сауда-экономикалық және мәдени-рухани көпірмен тең.

Ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары мен идеялары – «Бір белдеу, бір жол» жобасын жүзеге асырудағы Қазақстанның орны мен рөлін қарастыру. Қазір Қытайдың ықпалы Еуразия аймағында ғана емес, ғаламдық ауқымда артып отыр. Қытай төрағасы бастама жасаған «Бір белдеу, бір жол» жобасының мақсаты – жол бойында орын тепкен елдердің бірелесе дамуына қол жеткізу, өзара тиімді селбестік арқылы жан-жақты өркендеу. Бұл ғасыр жобасын жүзеге асыруда еуразиялық мемлекет ретінде Қазақстан да ерекше рөл ойнайды.

Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығының қысқаша сипаттамасы. «Бір белдеу, бір жол» жобасының мәні терең, мазмұны бай, маңыздылығы дәлелдеуді қажетсінбейді. Бұл жоба тек қана Қытайға ғана емес, Жібек жолының бойындағы барлық елдер үшін аса маңызды, бұл мәселені зерттеудің ғылыми және тәжірибелік маңызы күмәнсіз.

Зерттеудің әдіснамалары салыстырмалы және жүйелі, контент және ивент талдауларға негізделген.

Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары: Қытай Төрағасы Си Цзиньпин мен Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың интеграциялық бастамаларын, «Бір белдеу, бір жол» жобасының жүзеге асу ерекшеліктерін танып-білу, ғылыми нәтижелері жаңа Жібек жолы бойындағы интеграциялық үдерістерді дамытуға көмектеседі.

Жүргізілген зерттеудің құндылығы (осы жұмыстың тиісті білім саласына қосқан үлесі). Өткізілген зерттеудің құндылығы – еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық үдерістерді дамытуға өз үлесін қосады.

Жұмыс қорытындыларының практикалық маңызы – "Бір белдеу, бір жол" жобасы шеңберінде көпжақты өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту.

Түйін сөздер: интеграция, ынтымақтастық, "Бір белдеу, бір жол" жобасы, Қазақстан-Қытай қатынастары.

Мусатаев С.Ш.¹, Байназар Ж.О.²

¹д.п.н., проф. кафедры политологии и политических технологий,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан

²магистрант 2 курса специальности «Политология»,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ СОТРУДНИЧЕСТВА КАЗАХСТАНА И КИТАЯ В РАМКАХ ПРОЕКТА «ОДИН ПОЯС, ОДИН ПУТЬ»

Аннотация

Вступительное слово о теме исследования. Одним из значимых проектов современности является проект «Один пояс, один путь». Возрождение Великого шелкового пути считается важным проектом XXI века и его развитие положительно влияет на евразийское пространство. Данный мегапроект является торгово-экономическим и культурно-духовным мостом между Европой и Азией.

Цель, основные направления и идеи научного исследования – рассмотрение места и роли Казахстана в реализации проекта «Один пояс, один путь». Сейчас влияние Китая растет не только в Евразии, но и во всем мире. Цель проекта «Один пояс, один путь», инициатором которого является председатель Китая, это достижение совместного развития всех стран, расположенных вдоль пути и пояса, всестороннее развитие с помощью взаимовыгодного сотрудничества. В успешной реализации этого проекта ключевую роль, как евразийское государство, играет и Казахстан.

Краткое описание научной и практической значимости работы. Глубокий смысл и значимость проекта «Один пояс, один путь», не требует доказательств. Этот проект значим не только для Китая, но и всем странам, которые находятся вдоль Шелкового пути.

Методология исследования основана на системном, сравнительном, контент и ивент анализах.

Основные результаты, анализ и выводы исследовательской работы: изучение особенностей интеграционных идей Председателя Китая Си Цзиньпин и первого Президента Казахстана Назарбаева Н.А., выявление проблем реализации проекта «Один пояс, один путь» и научные результаты помогут развивать интеграционные процессы вдоль нового Шелкового пути.

Ценность проведенного исследования (внесенный вклад данной работы в соответствующую область знаний) внесет вклад на развитие интеграционных процессов на просторах Евразии.

Практическое значение итогов работы – это способствование углублению многостороннего взаимовыгодного сотрудничества стран-участников в рамках проекта «Один пояс, один путь».

Ключевые слова: интеграция, сотрудничество, проект «Один пояс, один путь», «Казахстанско-Китайские отношения.

Mussataev S.Sh.¹, Bainazar Zh.O.²

¹d.p.s., prof., al-Farabi Kazakh National University,
Department of Political Science and Political Technologies,
Almaty, Kazakhstan

²2nd year master student of the specialty "Political Science",
al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

PROBLEMS AND PROSPECTS OF COOPERATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND CHINA WITHIN THE FRAMEWORK OF THE PROJECT “ONE BELT, ONE ROAD”

Abstract

Opening remarks on the research topic. One of the most significant projects of our time is the project “One Belt, One Road”. The revival of the Great Silk Road is considered to be an important project of the 21st century and its development has a positive effect on the Eurasian space. This megaproject is a trade, economic, cultural and spiritual bridge between Europe and Asia.

The goal, the main directions and ideas of scientific research is to consider the place and role of Kazakhstan in the implementation of the project “One Belt, One Road”. Now China’s influence is growing not only in Eurasia, but throughout the world. The goal of the project “One Belt, One Road”, initiated by the chairman of China, achieving joint development of all countries along the way and the belt, all-round development through mutually beneficial cooperation. In the successful implementation of this project, Kazakhstan plays a key role as an Eurasian state.

A brief description of the scientific and practical significance of the work. This project is significant not only for China, but also for all countries that are along the Silk Road.

The research methodology is based on system, comparative, content and event analysis.

Main results and analysis, conclusions of the research work: to study the features of the integration ideas of the Chairman of China Xi Jinping and the first President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev, identifying problems with the implementation of the “One Belt, One Road” project, scientific results will help to develop the integration processes along the new Silk Road.

The value of the study (the contribution of this work to the relevant area of knowledge) contributes to the development of integration processes in Eurasia.

The practical significance of the work results - contributes to the deepening of the multilateral mutually beneficial cooperation of the project within the framework of the project “One Belt, One Road”.

Keywords: integration, cooperation, project “One belt, one way”, “Kazakhstan-Chinese relations.

XXI ғасыр Еуразиялық мемлекеттердің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Бүкіл дүниежүзілік үдеріске айналған жаһандану заңдылықтары бір жағынан әлемді жайлаған экономикалық дағдарыстар мен халықаралық терроризм сияқты жағымсыз процестер, екінші жағынан Еуразия елдерінің бірігіп іс-қимыл жасауын талап етеді. Экологиялық проблемалар, наркотрафик, діни экстремизм, терроризм, сепаратизм сияқты қауіп-қатерлер барша Еуразияға ортақ заманауи мәселелер. Сонымен қатар, шаруа-экономикалық қатынастарды дамыта отырып әлеуметтік-экономикалық өрлеуге қол жеткізу де жан-жақты интеграциялық байланыстарды нығайту арқылы ғана мүмкін болмақ.

Қытай Халық Республикасының (ҚХР) қарыштап дамуы, экономикалық дамуы жағынан Жапонияны басып озып, бүкіл әлем бойынша АҚШ-тан кейінгі екінші орын алатын бәсекеге қабілетті елге айналуы өз кезегінде Аспан асты елінің Еуразия аймағында ғана емес, ғаламдық ауқымдағы ықпалын да арттырып отыр. Әл-ауқаты артқан Қытай болса, өзінің ішкісаяси ұстанымдарын да, сыртқы саяси басымдықтарын да орын алған жаңа жағдайға сәйкестендіріп қайта қарау үстінде. 2008 жылдан бастап қытайлық сыртқы саясат бейбіт даму бағытын ұстана отырып, ұлттық мүдделерді қорғаудағы өзара түсіністікке қол жеткізуге күш салуда. Әсіресе, синофобияға (Қытай мен барша қытайлық атаулыдан қорқу) ешбір негіз жоқ екенін, «қытайлық экспансия» көре алмаушылар таратып отырған миф екендігін дәлелдейтін нақты қадамдар жасауда. Бүгінгі таңда жаңарып, жаңғырып жатқан Қытай әлемдік қауымдастық елдерімен бірігіп, тағдыры ортақ жалпыадамзаттық қоғам құруға талпыну үстінде.

Қойылған мақсатқа жету және қойылған міндеттерді шешу үшін, жүйелі көзқарас, эмпирикалық зерттеулер жиынтығына негізделген кешенді талдау жүргізілді. Зерттеу барысында келесі зерттеу әдістері қолданылды:

1. Жібек жолы экономикалық белдеуі мен «Нұрлы жол» жобаларын дамытудың теориялық ережелерін зерттеу салыстырмалы талдау арқылы жүзеге асырылады. Зерттеудің теориялық негіздері отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері болды.

2. Салыстырмалы талдау әдісі экономикадағы ұлттық және аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған Қытай мен Қазақстанның көліктік саясатының ерекшеліктерін анықтауға көмектесті.

3. Салыстырмалы тәсіл Қытай мен Қазақстан арасындағы қатынастардың ерекшеліктерін байқауға мүмкіндік берді.

4. Зерттеудің тарихи әдісі Қытай мен Қазақстанның көліктік логистикасы саласындағы саясатты жүзеге асырудың әртүрлі бағыттарын талдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен пікірталастар.

2013 жылы қыркүйек және қазан айларында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне ресми сапарлар жасап, Жібек жолының экономикалық белдеуі мен XXI ғасырдың теңіздегі Жібек жолын бірігіп құру туралы ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс «Бір белдеу,

бір жол» деген атпен белгілі. 2015 жылы наурыз айында Қытай үкіметі «Жібек жолының экономикалық белдеуі мен ХХІ ғасырдың теңіздегі Жібек жолын бірігіп құрудың тамаша келешегі және тәжірибелік іс-әрекеті» атты құжатты жариялады. Аталған құжатта заман талабы, бірігіп әрекет етудің ұстанымдары, негізгі тұжырымдамалар, ынтымақтасудың басымдықтары, өзара селбестік жасаудың тетіктері, ортақтасқан іс-қимылдың бағыттары мен міндеттері кешенді талданған. Бұл құжаттың мазмұны дүниежүзі елдерін қызықтырып отыр.

«Бір белдеу, бір жол» жобасының мәні терең, мазмұны бай, маңыздылығы дәлелдеуді қажетсінбейді. Әлемдік географиялық картаға көз салсақ, ХХІ ғасырдың жаңа Жібек жолының бойында 60 астам мемлекеттер орналасқан, ал оларды мекендейтін халық саны 4,5 миллиард адамды құраса, жиынтық экономикалық әлеуеті 21 триллион АҚШ долларынан асады екен [1: 408]. 4,5 миллиард адам дегеніміз Жер шарындағы барлық жан санының 63% тең, ал 21 триллион АҚШ доллары әлемдік экономиканың 29% құрайды [2: 142]. Бұл жоба әлемдегі ең ұзын транзиттік дәліз, Азия және Еуропамен қоса Африканы да қамтиды. Бір шетінде қарқынды дамып келе жатқан Оңтүстік-Шығыс Азияның экономикасы, екінші шеті – дамыған Еуропаның экономикасы, ал ортада – даму үшін әлеуеті зор Еуразиялық елдер орналасқан. Жібек жолының экономикалық белдеуінің бағыттары да әртарапты қамтиды: біріншісі - Қытайдан басталып, Орталық Азия мен Ресей арқылы Еуропаның Балтық теңізі жағалауы елдеріне дейін; екіншісі – Қытайдан бастау алып, Орталық Азия мен Батыс Азия арқылы Парсы шығанағы мен Жерорта теңізі аймағына дейін; үшіншісі – Қытайдан шығып, Оңтүстік-Шығыс Азия, Оңтүстік Азия арқылы Үнді теңізі аймағына дейін. Ал енді ХХІ ғасырдағы теңіз Жібек жолының бағыттарына келсек, оның біріншісі – Қытай порттарынан басталып, Оңтүстік Қытай теңізі арқылы Үнді теңізіне шығып, одан әрі қарай Еуропаға жол тартады; екіншісі - Оңтүстік Қытай теңізі арқылы Тынық мұхиты аймағына шығады.

Қазақстан өзінің көршілеріне Еуразиядағы бірегей транзиттік әлеуетін өзара тиімді пайдалануды ұсынып келеді [3: 17]. Шынында, Қазақстан Қытайдың батыс өлкесі – Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданымен, Орталық Азия аймағында – Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстанмен, Каспий теңізі арқылы Әзірбайжанмен және Иранмен шектессе, Ресей Федерациясымен шекарасының ұзындығы 7512,8 км (оның ішінде 5936,1 км құрлықта, 1516,7 км өзен арқылы, 60 км көл арқылы шектеседі), ал теңізде 85,8 км шақырымнан асып кетеді. Сондықтан, Қазақ елі инфрақұрылымдық жобалар мен жол-көлік құрылысына қыруар қаржы жұмсауда. Бұрын Қазақстан Құрлық ішіндегі тұйықталған, транзитке тәуелді ел саналса, қазіргі кезде Қазақстан транзиттік дәліз ұсынушы транзитер елге айналып отыр. Посткеңестік елдердің ішінде темір жол құрылысын тоқтатпай жүргізіп келе жатыр, бірнеше ірі жоба жүзеге асты «Ақсу-Дегелең», «Алтынсары-Хромтау», «Шар-Өскемен», «Боржақты-Ерсай», «Алтынкөл-Жетіген», ғасыр жобасы - «Жезқазған-Бейнеу» және «Арқалық-Шұбаркөл» теміржолы, Қазақстан-Түркмения-Иран халықаралық темір жол желісі іске қосылды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізінің құрылысы аяқталуға жақын, Алматы-Бішкек, Астана-Бурабай, Астана-Теміртау, Алматы-Талдықорған авто жолдары жаңаланып, халықаралық стандарттарға сәйкес салынды. Каспий теңізінде Ақтау теңіз порты жаңғырып, Құрық теңіз порты салынуда. «Баку-Ақтау-Баку» бағытында Каспий теңізі арқылы паром қатынасы тұрақты жүріп тұр. Ақтау теңіз порты металл, бидай, өзге де құрғақ жүктермен қатар, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін жөнелтуге қабілетті, Иран, Ресей және Әзірбайжан арасын қосатын халықаралық теңіз дәліздердің тоғысқан жерінде орналасқан. Қазақстан Президенті Н.Назарбаев «Нұрлы жол» мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасын ұсынып, ол сәтті жүзеге асуда. Сонымен қатар, «Жаңа Жібек жолы» деген теңеуге ие болған «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясында инвесторлар тарту да қарастырылған. Бұл жобаларды жүзеге асыру арқылы 2020 жылы Қазақстан арқылы өтетін транзиттік жүк ағыны екі есеге дейін өсіп, келешекте 50 миллион тоннаға дейін жетеді деп күтілуде [4: 1]. Осылайша, Қазақстан сауда-логистикалық, қаржы-іскерлік, инновациялы-технологиялық және туристік қызметтерді кешенді көрсететін халықаралық хабқа айналмақшы. Қазақстан арқылы өтетін «Бір белдеу, бір жол» төрт принципке негізделеді: сервистік қызмет көрсетудің жылдамдығы тез, бағасы арзан, тауардың сақталуына кепілдік, сенімділік пен тұрақтылық.

«Бір белдеу, бір жол» түсінігіне келер болсақ, бұл өзі аймақтық ынтымақтастықтың мүлдем жаңа жобасы саналады. Оның сипаттамалары – барынша ашықтық, ұтқырлық, өзара тиімділік, білім мен тәжірибе алмасу, селбестік пен ынтымақтастық. Ұлы Жібек жолының игі дәстүрін жалғастыра отырып, бейбіт ынтымақтастықты, ашықтықты, төзімділікті, бір-бірінен үйрену мен өзара пайдалы іс-әрекетті жандандыруды көздейді. Бір белдеу мен бір жолдың бойына орналасқан, тағдыры ортақ, бір-бірімен өзара тығыз байланысқан елдерді көпвекторлы, көпдеңгейлі, кешенді ынтымақтастыққа тарту арқылы тұтас аймақта, тіптен құрлық аумағында теңдестірілген тұрақты дамуға қол жеткізу.

«Бір белдеу, бір жол» жобасының мақсаты – жол бойында орын тепкен елдердің бірілесіп дамуына қол жеткізу, өзара тиімді селбестік арқылы жан-жақты өркендеу. «Бір белдеу, бір жол» жобасын оркестрмен теңестіруге болады, жаңғыз Қытайға ғана керек емес, барлық мүдделес елдер белсенді қатысса ғана сәтті болмақ. Бұл ғасыр жобасының міндеттеріне келер болсақ, олар - ортақ мүдделі қауымдастық құру, яғни, тағдыры бір, барлығы жауапкершілікті бірдей сезінетін, саяси тұрғыда бір-біріне сенімді, экономикалық интеграцияны өткір қажеттілік деп сезінетін, мәдени-рухани байланыстарды байытуды көздейтін еркін елдердің қауымдастығын жасау. Бұл жобаны ешқандай одақпен немесе бірлестікпен шатастыруға болмайды. Қарапайым тілмен айтсақ, «Бір белдеу, бір жолдың» бойында орналасқан әрбір ел өзін бейне бір ұзын шынжырды құрап тұрған тізбектің бөлшегі деп түсінгені жөн. Ұлы Жібек жолымен де өз заманында керуендер кіре тартқанда тізбектеле көш түзгенін, керуен жолы бойында өркениет пайда болып, ірі қалалар туындағанын естен шығармағанымыз жөн.

«Бір белдеу, бір жол» тұжырымдамасы Жібек жолының бойындағы елдерге ортақ мүдделерді сақтай отырып, миллиардтаған адамдардың әл-ауқатын жақсартуына, үйлесімділікпен бейбіт өмір сүруіне, пайда тауып, бизнесін дамытуына тамаша мүмкіндіктер туындатары сөзсіз.

«Бір белдеу, бір жол» жобасын жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері қарапайым әрі түсінікті, олар – мүдделі мемлекеттердің ерекшеліктері мен объективті қажеттіліктерін ескере отырып жасалатын іскерлік ынтымақтастық, инфрақұрылымның өзара байланысы, үздіксіз өзара тиімді сауда, тауар мен капиталдың еркін айналысы, қызмет көрсетудің мемлекет шекарасымен шектелмеуі, түрлі халықтардың шаруа-экономикалық қана емес, мәдени-рухани тұрғыдан да тығыз қарым-қатынасқа түсуі. «Бір белдеу, бір жол» жобасын жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері қарапайым әрі түсінікті, олар – мүдделі мемлекеттердің ерекшеліктері мен объективті қажеттіліктерін ескере отырып жасалатын іскерлік ынтымақтастық, инфрақұрылымның өзара байланысы, үздіксіз өзара тиімді сауда, тауар мен капиталдың еркін айналысы, қызмет көрсетудің мемлекет шекарасымен шектелмеуі, түрлі халықтардың шаруа-экономикалық қана емес, мәдени-рухани тұрғыдан да тығыз қарым-қатынасқа түсуі.

Біріккен саяси үйлестіру бұл тұжырымдаманы жүзеге асырудың маңызды кепілдігі әрі іскерлік ынтымақтастық стратегиясын жасаудың жолы саналады. Ал инфрақұрылымның өзара байланысы болса, тиімділігі жоғары халықаралық экономикалық дәліздің қалыптасуына ықпал ететін басым бағыт болып табылады. Үздіксіз әрі өзара тиімді сауданың басты мақсаты – сауда-инвестициялық құрылымды үйлестіру, халықаралық еркін саудаға барынша ыңғайлы жағдайларды қамтамасыз ету, сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін тауып, зор әлеуетін ұтымды пайдалануды қамтиды.

Тауар мен капиталдың еркін айналысы экономикалық қарым-қатынас жасаушы елдердің ұлттық валюталарымен өзара есеп айырысуға, ортақ капиталдың артуына игі ықпал етпекші. «Бір белдеу, бір жол» жобасының рухани өзегі күшті – оның бойындағы халықтардың тарихы мен тағдыры ұқсас. Сондықтан, бұл жоба тек экономикалық ынтымақтастық қана емес, мәдени-рухани байланыстарды тереңдетуге де игі ықпал етеді.

Қытай елі «Бір белдеу, бір жол» жобасындағы ең ірі сауда серіктесі, инвестицияның қайнар көзі, экспорт нарығы саналады. 2014 жылдың өзінде Қытайдың «Жібек жолы белдеуі» елдерімен арасындағы өзара сауда көлемі 1120 млрд. АҚШ долларына жетті, қытайлық тікелей инвестиция 12 млрд. АҚШ долларын құрап, 4 млрд. 400 млн. АҚШ доллары шамасында түрлі инфрақұрылымдық имараттар салуға мердігерлік жасады. Алдағы бес жылда Қытай құны 10 триллион АҚШ доллары болатын тауар импорттап, шетелдердегі қытайлық инвестиция көлемі 500 миллиард доллардан асып, қытайлық туристер шетелдерге 500 миллионнан астам сапар жасайды деп күтілуде. Ал «Жібек жолы белдеуі» елдерімен Қытай арасындағы өзара сауда алдағы 10 жыл ішінде 2.5 триллион АҚШ долларына жетпекші.

Қытай мемлекеті «Бір белдеу, бір жол» бойында орналасқан көптеген елдерге миллиардтаған доллар инвестиция құйып отыр, әлемдегі ірі сауда серіктесі, орасан зор импортты тұтынушы және дүниежүзіне экспорттық тауарлар шығарушы ел. 2016 жылы Қытай мен импортының көлемі \$1,58 трлн., экспортының ауқымы \$2,09 трлн. Құрады [5: 3]. ҚХР Сауда министрі Гао Хучэннің мәлімдемесінде келтірілген мәлімет бойынша, 2015 жылы Қытайдың шетелдердегі қаржылық емес тікелей инвестицияларының көлемі 735,1 млрд юань болса, бұл көрсеткіш 2016 жылы 76,5% өсіп, 1,12 трлн юаньға (\$161,19 млрд) жеткен [6: 2]. Ал Қытайға салынған шетелдік тікелей инвестиция 2015 жылы 781,4 млрд юань болса, 2016 жылы 785 млрд юань болған [7: 1].

«Бір белдеу, бір жол» жобасы қолға алынған 2014 жылы Қытайдың осы экономикалық белдеуде орналасқан елдермен өзара саудасы 1120 млрд. доллар болған еді, ал бұл елдерге тікелей Қытай инвестициясының көлемі 12 млрд. доллар, инфрақұрылымдық құрылыстарға 4 млрд. 400 млн. қаржы жұмсады. Бұл көрсеткіштер де жыл сайын артып келеді.

Алдағы бесжылдықта Қытай 10 триллион доллардың тауарын импорттап, шетелдегі инвестициялары 500 миллиард долларға жетеді деп жоспарланып отыр. Жыл сайын 500 миллионнан астам қытайлық туристер әлем елдеріне саяхат жасайтын болады. Ал Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бойындағы елдермен өзара саудасы 2.5 триллион долларға жетеді деп көзделіп отыр. Халықаралық экономикалық ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру үшін Қытай тың бастамалар жасап, қаржыландырудың жаңа жолдарын ұсынды [8: 76].

Халықаралық экономикалық ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру үшін Қытай жасампаз саяси бастамалар жасап, берекеге бастар іс-шараларды жүзеге асыруда, сөзден іске көшуге мүмкіндік беретін қаржыландырудың тың нұсқаларын ұсынуда. Қытай төрағасы Си Цзиньпин мырза Азиялық инфрақұрылымдық инвестициялар банкі (АИИБ) құруға бастама жасап, жарғылық капиталы 100 млрд. АҚШ доллар аймақтық ірі банк пайда болды. Қазір АИИБ мүше-құрылтайшыларының саны 57 елге жетті, олардың қатарында азиялық, европалық, африкалық, Оңтүстік Америкалық, Австралия және Океания елдері бар [9: 2]. Сонымен қатар, Қытай жарғылық қоры 40 млрд. долларын құрайтын Жібек жолы қорының құрылуына мұрындық болды. Бұған қоса Қытай БРИКС ұйымының даму банкі, Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) арнайы қаржы институтын және ШЫҰ ауқымында «Қытай-Еуразия» экономикалық ынтымақтастық қорын құру істерін алға жылжытуда. Әлемде АҚШ-тан кейінгі екінші орында тұрған ең ірі экономикалы Қытай елі «Бір белдеу, бір жол» жобасын жүзеге асыру арқылы халықаралық ынтымақтастықты тереңдету мен кеңейтуде жасампаздық рөл ойнауын жалғастыруда, өзара тиімді серіктестік пен біріккен іс-қимыл жасауға негізделетін ашық саясат ұстануда. Қазіргі кезде Қытай әлемдегі 120 астам елдің сауда серіктесі болып үлгерді, ғаламдық экономиканың өсуіне 30%, азиялық экономикаға 50% үлес қосып отыр. Қытай капиталы, озық технологиялары, техникалары мен құрал-жабдықтары шетелдік нарықтарға еркін шығып, бәсекелестікке төтеп беруде.

2014 жылы желтоқсан айында ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Ли Кецяньның Қазақстанға жасаған сапары кезінде екі ел арасындағы ынтымақтастықты өндірістік қуаттарды арттыру арқылы күшейту туралы уағдаластық жасалды. Көп ұзамай, 2015 жылы наурыз айында Қазақстан мен Қытай арасында біріккен өндіріс орындарын салу және инвестиция тарту салаларын күшейтуге бағытталған меморандум жасалды, сонымен қатар, жалпы құны 24 млрд. АҚШ долларына тең боларлық қара металлургия, түсті метал, әйнек жасау, мұнайөңдеу, су-электр энергетикасы, автомобиль жасау, ауыл шаруашылығы, көлік-коммуникация салаларын қамтитын 33 құжатқа қол қойылды.

Содан бергі кезеңде қазақ-қытай қарым-қатынастары жедел қарқынмен дамып келеді. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі, «Қорғас Шығыс қақпасы» құрлықтағы порты, «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастық халықаралық орталығы», Қазақстан-қытай мұнай-газ құбыры, ішкі Қытайдан 51 кәсіпорынды Қазақстанға көшіру жобасы, ҚХР ауыл шаруашылығы өнімдері үшін «жасыл дәліздің» ашылуы, «Достық-Алашанькоу», «Алтынкөл-Қорғас» теміржолдары арқылы жүк ағымының артуы, Ляньюньган теңіз терминалында ынтымақтастықтың артуы, сонымен қатар, траншекаралық өзендердің су ресурстарын ұтымды пайдалану, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту және туризм салалары бойынша сәтті жүзеге асу үстінде.

2015 жылы 28 наурызда ҚХР Сауда министрлігі, Даму және реформа комитеті мен Сыртқы істер министрлігі бірлесіп «Жібек жолы экономикалық белдеуі мен ХХІ ғасырда Теңіз жібек жолын ортақ құруды ілгерлетудің переспективалы қимылдары» деген құжат жариялады. Бұл құжат қазақ-қытай қатынастарын өзара тиімді стратегиялық ынтымақтастық негізінде дамытуға кең мүмкіндіктер ашып отыр. Қытай мен Қазақстан мәңгілік көрші, достығы жарасқан, сенімді серіктес елдер. Бүгінгі таңда қазақстандық «Нұрлы жол» бағдарламасы мен қытайлық «Бір белдеу, бір жол» жобасын ұштастыру мәселесіне көп көңіл бөлінуде.

Қазір Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) бет бұрып отыр. Жарқын болашаққа ұмтылған ел ғана осылай барар жерін айқындап алатынын ескерсек, бұл оң қадам. Сонымен қатар, Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО), ШЫҰ да беделді мүшесі. Ал ЕАЭО, «Бір белдеу, бір жол» мен ШЫҰ арасында «көпір орнатуда» қазақ-қытай қарым-қатынастары аса маңызды болып табылады. Қазақстан мен Қытай мыңжылдықтар бойы көрші жатқан елдер, достығы жарасқан, сенімді серіктестер.

Қазақстан арқылы өтетін «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» көлік дәлізі аясында Қытайдан мен Орталық Азиядан Еуропаға қарай жөнелтілетін тауар айналымы 2 есеге артты. Бұл дәліз бойынша импорт-экспорт және транзиттік жүк тасымалы 30 млн тоннадан астам деңгейге жетіп отыр. Қытайдағы Ляньюньган портынан Санкт-Петербургқа дейінгі дәліз 8 мың 400 шықырымға жуық. Оның Қазақстан арқылы өтетін бөлігі 2 мың 787 шақырым [10: 57]. Бүгінде Қазақстан арқылы өтетін негізгі жол құрылыстары аяқталып, қолданысқа берілген. Ал 2020 жылға қарай Қазақстан тарапы Шығыс Қазақстан облысының территориясы арқылы Қытайдан Павлодарға және Омбыға транзиттік дәлізді салуды жоспарлап отыр. Жалпы, 2020 жылға дейін Қазақстан аумағында республикалық маңызы бар 7 мың шақырымға жуық жолды қайта салу жоспарланып отыр. Ал Қазақстандық «ҚазТрансОйл» РФ-тен ҚХР-ге бағытталатын мұнай транзитін 10 млн тоннаға жеткізуге дайын. Қазіргі уақытта Ресейдің Қазақстан арқылы Қытайға жөнелтілетін транзиттік мұнайының көлемі жылына 7 млн. тоннаны құрайды. «ҚазТрансОйл» АҚ оны ешбір техникалық жетілдірусіз-ақ 10 млн. тоннаға дейін жеткізуге дайын.

«Бір белдеу, бір жол» жобасы аясында Түркия, Қытай, Қазақстан, Әзірбайжан және Грузия Қытайдан Еуропаға жүк жеткізу жөніндегі консорциум құрды. Бұл консорциумның құрылтайшылары - қытайлық Mishgeng Logistics компаниясы, қазақстандық КТЖ экспресс» (Қазақстан темір жолы АҚ еншілес кәсіпорны), «Әзірбайжандық Каспийлік теңіз кеме жолы», әзірбайжандық «Караван логистикс» және грузиндік Trans Caucasus Terminals LLC компаниялары. 2016 жылдың басынан бастап Қытайдан Түркия мен Еуропаға Грузия жері арқылы жүк жеткізу жүзеге асырыла бастады. Бұл жоба «Қытай-Түркия-Еуропа» Транскаспий көлік бағытының мүмкіндіктерін арттырып, келешегі кемел боларын көрсетеді. Сонымен қатар, Украина арқылы Солтүстік және Шығыс Еуропаға қарай Қытай мен Орталық Азия елдерінен жүк жеткізу жолдарын ашу мен дамыту қарастырылуда. Орталық Азия елдеріндегі мегажобаға деген қызығушылық элиталардың қалыптасқан саяси және экономикалық тәртіпті қайта форматтауға және жаңа халықаралық саяси құрылымдар мен көлік-өндірістік кешендер құру толқынында үлкен преференциялар алуға жаңа мүмкіндіктерге ұмтылуымен ғана емес, сондай-ақ осы мемлекеттердің көптеген тұрғындары тарапынан да өзін-өзі жүзеге асыру мен өркендеу үшін жаңа мүмкіндік ретінде негізделген [11:47].

Түйіндеп айтар болсақ, Еуразия аймағын ғаламдық экономикадағы бірлескен даму орталығына айналдыруда «Бір белдеу, бір жол» жобасы мен Еуразиялық экономикалық интеграция шешуші роль ойнап отырғанын ерекше атап өткеніміз жөн.

Әсіресе, Еуразияның кіндігі саналатын Қазақстанның елордасы – Астана қаласы халықаралық деңгейдегі іскерлік орталығына айналып отыр. Қазақстанның көлік-транзиттік және логистикалық әлеуетін дамыту «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы мен «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» аясында жүзеге асырылуда. «Нұрлы жолдың» жүрегінде тұрған Астананың халықаралық деңгейдегі көлік-коммуникациялық хабқа айналу мүмкіндігі зор. Бұл жоспар бойынша Astana EXPO-2017 инфрақұрылымы негізінде ерекше мәртебеге ие «Астана» Халықаралық қаржы орталығын (AIFC) құру да қарастырылған. 2017 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына ендірілген өзгерістер мен толықтырулар «Астана» Халықаралық қаржы орталығының құқықтық мәртебесін конституциялық тұрғыда бекітті, англосаксондық құқықтық жүйе қолданылатын ерекше аймаққа айналдырды. Астана халықаралық деңгейдегі көлік-коммуникациялық хаб-торапқа айналуына қажетті сапалардың барлығына ие.

Си Цзинпинь өз сөзінде жаңа Жібек жолы бойында орналасқан елдермен бірлесіп құрылатын экономикалық белдеудің маңызды бес бағытын былайша көрсеткен болатын:

Біріншіден, саяси мақұлдауды күшейту. Экономикалық даму стратегиясы мен тактикасы бойынша барынша ақылдасып, түпкілікті пікір алмасу қажет. Пікір әралуандығын сақтай отырып, кенесулер арқылы ортақ пікірге келу ұстанымын басшылыққа алу арқылы аймақтық ынтымақтастық бағдарламалары мен іс-шараларын жасау, аймақтық экономикалық ынтымақтастыққа құқықтық-саяси тұрғыдан жол ашу.

Екіншіден біртұтас жол торабының құрылысын күшейту. ШЫҰ ауқымында автожолдар арқылы жүк тасымалына қолайлы жағдайлар жасау бойынша келіссөздер жүруде. Оның келісіміне тезірек қол қойылып бекітілуі Тынық мұхитынан бастап Балтық теңізіне дейінгі аралықты қамтитын үлкен көлік магистралін ашар еді. Қытай осының негізінде шығыс, батыс және оңтүстік Азияларды қосатын көлік желісін құруға қажетті трансшекаралық көлік құрылымын жетілдіруге атсалысуға даяр. Бұл аймақтағы экономикалық даму мен азаматтардың жүріс-тұрысына оң ықпал етер еді.

Үшіншіден, сауда байланыстарын күшейту. Жібек жолының экономикалық белдеуінде 3 млрд. жуық халық тұрады, аса ірі нарықтар бар. Сауда-инвестициялық ынтымақтастықтың әлеуеті зор. Аймақтағы сауда кедергілерін жою, экономикалық операциялардың жылдамдығы мен сапасын арттыру, сауда мен инвестицияны тартуды жеңілдету схемаларын қарастыру қажет.

Төртіншіден, валюталық ағындарды күшейту. Ресеймен және өзге де елдермен Қытай ұлттық валюталармен есеп айырысу бойынша табысты жұмыстар жүргізуде. Жақсы нәтижелерге қол жеткізілді, айтарлықтай тәжірибе жинақталған. Осынау өзін-өзі ақтайтын игі тәжірибенің географиялық ауқымын кеңейту керек. Өйткені ұлттық валюталармен сауда жасасу қаржылық операциялардың шығынын едәуір азайтады, біздің елдеріміздің қаржылық тәуекелдерін азайтып, аймақтық экономиканың халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Бесіншіден, халықтың байланыстарын күшейту. Мемлекетаралық қатынастар халықтардың өзара сенімімен құралады. Жоғарыда аталған бағыттарда табыстарға жету үшін бізге міндетті түрде халықтың қолдауы қажет, біздің халықтардың достық байланыстарын белсендіру, олардың өзара түсіністігі мен дәстүрлі достығын нығайту керек, осылайша, аймақтық ынтымақтастықтың әлеуметтік және қоғамдық берік базасы қалыптасады [12: 1].

Алайда, бұл аталған бес басымдықты жүзеге асыруда түрлі қиындықтар туындауда, келеңсіз факторлар кедергі келтіруде. *Бірінші* мәселе - ҚХР Шыңжаң автономиялық аймағын басқаруға 2016 жылдан бастап Чэнь Цюаньго келгелі бері туындаған қиын жағдай. Ол бұрын 2011-2016 жылдары Тибетті қатал басқарып, үш түрлі қатерге – сепаратизм, экстремизм мен терроризмге қарсы күресуге басымдық беріп, «Темір Чень» деген лақап атқа ие болған. Чэнь Цюаньго келгелі Шыңжаңда қатаң саясат жүріп, бастапқыда ұйғырлар, одан кейін қазақ, дүрген, қырғыз сияқты өзге де мұсылман халықтарға жаппай қысым көрсетіле бастады. Көшеде қауіпсіздік органдарының сақшылары да, тексеру бекеттері мен «ақылды бақылаушы камералар» да көбейген, азаматтарды себепсіз тексеру әдеттегі жағдайға айналған. «Саяси үйрену» лагерлері деген пайда болып, мыңдаған адам саяси қайта тәрбиелеуге жіберілген. Түрме деп аталмаса да, бұл саяси мектептерде шыңжаңдықтар қамауда ұсталып, қатаң тәртіпке бағынбағандары аяусыз жазаланып, партия бағдарламасы мен жырғысын оқып, қытай тілін үйреніп, қосымша мамандық алып шығады-мыс. Саяси үйрену мектебіне жіберілген адамдармен байланыс үзіліп, жақын туыстарына дейін олардан хабар-ошарсыз қалады екен. Ешбір тергеусіз, соттың шешімінсіз шыңжаңдықтар бостандықтан айырылып, адам құқықтары бұзылуда. Бұған халықаралық қауымдастық алаңдаушылық білдіріп, Қытай билігіне қаншама рет өтініш жасалып, түсініктеме беру талаптар қойылғанымен нәтиже болмады. Қазақстанда «Атажұрт», «Жебе» сияқты оралман құқықтарын қорғайтын ұйымдар араша сұрады. БАҚ беттерінде де бұл мәселе соңғы жылдары қызу талқылануда [13: 1]. Орын алған қиын мәселені шешуге дипломатиялық қызметтер, қоғамдық ұйымдар да атсалысып жатыр. Бірақ мәселе әлі шешімін тапқан жоқ. Шыңжаңда орын алған қиын саяси жағдай өз кезегінде қоғамдық санада «қытай қаупі» деген синдромды күшейтіп, синофобиялық (қытайдан қорқу) сезімді өршітті. Бұл өз кезегінде «Бір белдеу, бір жол» жобасының беделіне нұқсан келтіруде, Қытайдың өзара тиімді ынтымақтастық бастамасына күмәнмен қараушылардың саны артуына ықпал етіп отыр.

Жаңа Жібек жолын жаңғыртуға кедергі жасап отырған *екінші* үлкен кемшілік – Қытайдың визалық режимді қатаңдатып жіберуі болып тұр. Қазір Қытаймен көршілес жатқан Орталық Азия елдерінің азаматтары үшін Қытай визасын алу өте қиын. Өз кезегінде қытайлық азаматтарға виза беру де сәйкесінше күрделенген. Мұның барлығы айналып келгенде аймақтағы ынтымақтастық орнатуға, барыс-келіске, алыс-беріске, өзара сауда-саттыққа кері әсерін тигізуде. Осылайша, «Бір белдеу, бір жол» жобасының миссиясын орындауға орасан зор нұқсан келіп, өзара тиімді қарым-қатынас орнатудың мәні мен мазмұны бұрмаланып кетуде.

Үшіншіден, жоғарыда аталған себептерге байланысты соңғы кездері БАҚ арқылы антиқытайлық материалдар көп таралып, қоғамда синофобиялық көзқарастар күшейіп барады. Қытай тарапынан құйылған инвестицияның, олардан алынған қарыздар мен несиелердің көлемінің артуын «қытайлық экспансия» деп санайтын қоғамдық пікір қалыптасуда [14: 47]. Қытай тілін үйрететін орталықтардың көбеюін, Конфуций институттарының ашылуын «қытайлық жұмсақ күш» арқылы отарлаудың құралы ретінде қабылдайтындар тағы бар [15: 354].

Төртіншіден, 2018 жылы ҚХР мен АҚШ арасындағы сауда соғысы әлемдік экономикаға ауыртпалықтар алып келді. Әлемдегі Қытайдың ықпалы артуына, оның «Бір белдеу, бір жол» жобасына америкалықтар қауіппен қарап, оны тежеуге бағытталған экономикалық санкцияларды қолдануға көшті. Қытай да қарап қалмай, американдық тауарларға салынатын салықты көтерді. Бұл

тайталас әлемдік экономикаға әсер етіп, әлемдік сауданың тежелуіне ықпал етті. Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың одан сайын тереңдеп кету қаупі туындады. Жағдай ушығып бара жатқандықтан, қытай-американдық келіссөздер жүргізіліп, сауда соғысы біраз басылғандай болды. Дегенмен, орын алған жанжалдың себеп-салдары әлемдік қауымдастықты ойландырып тастады.

Бесіншіден, Орталық Азияға ықпал ету, Евразиядағы үстемдікке қол жеткізу үшін әлемдік державалар арасында бәсеке қауіпті [16: 370]. Әсіресе, Ресей, Қытай мен АҚШ арасындағы бәсекелестік, ұлттық мүдделер үшін күрес аймақтағы өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асуына кедергі жасары анық [17: 30]. Жоғарыда аталған қауіп-қатерлер барлығы «Бір белдеу, бір жол» жобасының келешегі мен дамуына кері әсерін тигізбей ме деген сұрақ туындайды.

Қорытынды. Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жаһандық трансконтинентальдық жобасының мақсаты игі екені даусыз, ол – тарихы мен тағдыры бір, ежелгі Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан елдердің тізе қосып іс-қимыл жасауы мен бірлесе дамуына қол жеткізу. Сондай-ақ бұл саясат көлік-транзит әлеуетін жақсарту, ЕАЭО мен Орталық Азия елдерінің экономикаларын жандандыру сияқты басқа да басымды стратегияларды қамтиды. Қытай мен Қазақстан арасындағы осындай нақты мәтінде мүдделердің ортақ түйісу нүктелері сақталып отыр [18: 43]. Дегенмен орын алып отырған қиындықтар, түрлі қауіп-қатерлер мен кемшіліктер де жетерлік. Оларды шеше білу, ортақ мүдде жолында бірігу, өзара тиімді ынтымақтастық орнату Жаңа Жібек жолын жаңғыртудың кепілі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Қытай мен Еуропаның ортасында орын тепкен Қазақстан ғаламдық көлік-логистикалық көпірге айналып отыр. Ал «Бір белдеу, бір жол» жобасының артықшылықтарын көптеген тамаша қасиеттермен сипаттауға болады. Бұл халықаралық мегажобаның жүзеге асуы Қазақстанның транзиттік әлеуетін игерудің жаңа кезеңіне айналмақшы. Жаңғырған жаңа Жібек жолы Қытай мен Еуро Одаққа дейінгі аралықтағы барлық мемлекеттерді бір-бірімен байланыстырып қана қоймай, көршілес жатқан Таяу Шығыс, Орталық Азия аймақтарын, Үнді мұхиты мен Парсы шығанағы елдерімен де тығыз қарым-қатынас жасасуға игі ықпал етері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Peyrouse S., Raballand G. Central Asia: The New Silk Road Initiative's Questionable Economic Rationality // Eurasian Geography and Economics. – 2015. – No. 56. – P.405-420.*

2 *Fallon Th. The New Silk Road: Xi Jinping's Grand Strategy for Eurasia // American Foreign Policy Interests. – 2015. – No. 37. – P.140-147.*

3 *Шалтықов А.И. Казахстан – ключевое звено Великого шелкового пути // Вестник КазНПУ, серия «Международная жизнь и политика». – 2016 – №3(46). – С.17.*

4 *Курамысова А. Казахстан рассчитывает увеличить объем грузопотока благодаря транзитному. Центральная Азия выйдет из континентальной изоляции // Казахстанская правда. 3 ноября 2014 года. – С.1.*

5 *Ульянов Н.В. Экспорт Кумая сократился в 2016 году почти на 8%, но импорт нефти вырос // <http://www.rosbalt.ru/business/2017/01/13/1582769.html>*

6 *Zhao Shengnan, Zhao Yinan, Mo Jingxi (China Daily). Pacts to boost economic cooperation. URL: http://www.chinadaily.com.cn/business/2016-11/29/content_17139294.htm*

7 *Иванов Н.С. Внешние инвестиции Кумая в 2016 году превысили \$161 млрд // <http://www.rosbalt.ru/business/2016/12/26/1578972.html>*

8 *Richard Ghiasy, Jiayi Zhou. The Silk Road Economic Belt. Considering security implications and EU-China cooperation prospects. SIPRI. Friedrich-Ebert-Stiftung, Solna, Sweden, 2017. – 76 с.*

9 *Philippa Brant. Why Australia should join the Asian Infrastructure Investment Bank // <http://www.lowyinterpreter.org/post/2014/09/25/Australia-should-join-Asian-Infrastructure-Investment-Bank.aspx?COLLCC=3105014737&>*

10 *Ван Ш., Вань Ц. Проекты Экономический пояс Шелкового пути и ЕАЭС: конкуренты или партнеры? // Обозреватель – Observer. – 2014. – №10. – С.56-68.*

11 *Сембинов М.К. Мегaproект «Один пояс – один путь»: риски и преимущества стран Центрально-Азиатского региона // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Халықаралық өмір және саясат» сериясы, №1-2(52-53), 2018 ж. – С.45-50.*

12 *Си Цзиньпин. «Укреплять дружбу народов, вместе открыть светлое будущее». Выступление Председателя КНР в Назарбаев университете (полный текст) // <http://kz.chineseembassy.org/rus/zhgx/t1077192.htm>*

13 Сарым А. Қытай қауіп мен қазақ үрейі турасында // <http://ult.kz/post/aydos-sarym-kytay-kaupi-men-kazak-ureyi-turasynda>

14 Сыроежкин К.Л. Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношений. – Астана; Алматы, 2014. – 432 с.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАР

Аңдатпа

Қоғам – көпсатылы жүйе. Көпсатылы осы жүйе қалыпты жұмыс жасау үшін жүйе мүшелеріне дұрыс ақпарат керек. Осында тікелей байланыс болып табылатын баспасөз, кітаптар, радио, телефондық байланыс, телеграф, пошта сияқты құралдар ақпараттық қызмет атқарады. Олардың қызметі бұқаралық ақпарат құқығы түсінігін қамтиды. Біздің көз алдымызда Бұқаралық Ақпарат Құралдары дәстүрлі және жаңаша болып бөлінеді. Адамдар ақпараттарды бұрынғыдай газеттен немесе теледидардан алмайды, цифрлы ақпараттық құралдардың дамуына байланысты адамдар өз қолындағы смартфондар арқылы да әлемнің түкпір-түкпірінен түрліше жаңалықтарға қол жеткізуге мүмкіндіктері бар. Әрине бұған Қытай, Солтүстік Корея және Куба сияқты адамдардың ақпараттық құқығын шектейтін елдер кірмейді. Бұл жағынан Қазақстандағы жағдай адам шошырлық емес. Ара тұра интернет байланысының қасақана өшіп қалуын қоспағанда. Ал ел ішіндегі жағдайды қоя тұрып, халықаралық қақтығыстарға және ақпараттық құралдардың соған байланысты ықпалын сөз етер болсақ, Қазақстан халқына тілдік кедергілерді есептегенде барлық ақпараттар қолжетімді. Демек, шектеу қойылмаған.

Түйін сөздер: Бұқаралық Ақпарат Құралдары, Бұқаралық Ақпарат Құралдары монополиясы, интернет, цифрлы технология, діни бағыттар, идеология, ақпараттық соғыс.

Жабелова Т.Е.¹, Болатбек А.²

¹к.полит.н., доцент кафедры международного права
Института «Сорбонна-Казахстан» КазНПУ им. Абая

²магистрантка 1 курса Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая

СРЕДСТВА МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ И МЕЖДУНАРОДНЫЕ КОНФЛИКТЫ

Аннотация

Общество – многоступенчатая система. Для того, чтобы эта многоступенчатая система нормально функционировала для членов системы требуется соответствующая информация. Здесь информационные услуги оказываются такими средствами, как: пресса, книги, радио, телефонная связь, телеграф, почта, которые являются прямыми контактами. Их деятельность включает в себя понятие права массовой информации. На наших глазах средства массовой информации подразделяются на традиционные и новые. Люди по-прежнему не получают информацию из газеты или телевидения, в связи с развитием цифровых информационных средств и люди имеют возможность получить доступ к разнообразным новостям со всего мира и через смартфоны. Конечно, в это не входят страны, ограничивающие информационные права таких людей, как: Китай, Северная Корея и Куба. В этом отношении ситуация в Казахстане не пугает человека. За исключением умышленного отключения связи к интернету. А стоит рассмотреть ситуацию внутри страны, в международных конфликтах, влияние информационных средств и связанные с ним слово сделает свое дело.

Ключевые слова: СМИ, интернет, цифровая технология, религиозные направления, идеология, информационная война.

T.E. Zhabelova¹, A. Bolatbek²

*¹c.polit.s., associate professor of the Department
of International Law of the Institute "Sorbonne-Kazakhstan"*

*²1st year student of Sorbonne-Kazakhstan Institute
at Abay Kazakh National Pedagogical University*

MEDIA AND INTERNATIONAL CONFLICTS

Abstract

Society is a multi-stage system. In order for this multi-stage system to function properly, relevant information is required for the members of the system. Here information services are provided by means such as the press, books, radio, telephone, Telegraph, mail, which are direct contacts. Their activities include the concept of media law. Before our eyes, the media are divided into traditional and new. People still do not receive information from the newspaper or television, due to the development of digital media, people have the opportunity to access a variety of news from around the world and through smartphones. Of course, this does not include countries that restrict the information rights of people like China, North Korea and Cuba. In this regard, the situation in Kazakhstan does not frighten people. Except for the intentional disconnection of the Internet connection. A standing put the situation inside the country, in international conflicts, the influence of information media and related word made.

Keywords: mass media, Internet, digital technology, religious trends, ideology, information war.

Бұқаралық ақпарат түсінігі алғаш рет 1991 ж. 28 маусымындағы «Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақ КСР Заңында пайда болды [1]. Заңда бұл ұғым көпшілікке таралатын басылымды, дыбыстық және дыбыстық-көрнекілік хабарламалар мен материалдар деген мағынаны білдіреді. Алайда бұл анықтама ең дұрысы болғанымен, ол еш өзгеріссіз 1999 ж. 23 шілдесінен БАҚ туралы әрекеттегі заңда да бар, мұнда бұқаралық ақпарат-адамдардың шектелмеген санына арналған басылған, дыбыстық-көрнекілік және басқа хабарламалар мен материалдар деп айтылған [2].

Заң ғылымы үшін бұқаралық ақпарат құқығының табиғаты туралы мәселе қызығушылық тудырады. Берілген құқықтың табиғи құқықтық екенін анықтау маңызды, ал бұдан осы құқықтың ажырамастығы және абсолюттігі туралы айтуға рұқсат етіледі, не ол иеленген құқыққа жатады, ал бұл ол туралы түсінікті адамның белгілі бір мемлекетпен байланысының болуымен байланысты туынды құқық сияқты негіздеуге мүмкіндік береді. Жауаптың екінші нұсқасы көбірек мүмкін екендігі айқын, өйткені бұқаралық ақпарат құқығы адамның негізгі табиғи құқығы болып табылатын ақпараттың жалпы құқығынан туынды әрбір мемлекеттегі бұқаралық ақпараттың көлемі мен саны әлеуметтік-саяси және экономикалық сипаттағы факторлар қатарына байланысты өзгеріп тұрады, ал бұл да осы құқықтың мазмұнын анықтау үшін бастапқы құжат халықаралық актілер болып табылады. Адам құқықтарының жалпылама Декларация (1948 ж. 10 желтоқсан) заманда заңнамалық нормаларды, сондай-ақ, зерттелетін аймақты қалыптастыруға базалық құрылым болатыны белгілі. Декларация нормалары қоғамдағы өркениетті өзара қатынастар құрылатын рухани әрі тәрбиелік ережелер болып табылады. Кіріспеде Жалпылама Декларация «адамдар сөз бен сенімдерінің бостандығына ие болатын әлемді жасау қажеттігін таниды. Берілген фундаменталды ережені нақтылай отырып, Декларацияның 19-бабында әрбір адамның сенімдерінің бостандығына және оларды еркін білдіруге құқығы бар; бұл құқық өз сенімдерін еш кедергісіз ұстану бостандығын және ақпаратты және идеяларды кез келген тәсілмен және мемлекеттік шекараларға тәуелсіз іздеу, алу және тарату бостандығын қамтиды. Бұл нормада ақпаратқа адамның құқығының мазмұны қарастырылған, сондай-ақ, оның адамының ішкі сенімімен тығыз байланысы анықталған [3].

Ашығын айту керек, бұл тәуелсіздіктің ең жоғарғы жетістігі. Ал, әлемдегі ең үлкен қақтығыс ошағына айналып отырған Қытай мен АҚШ-ты алып айтсақ, Қытай ақпараттық құралдары нағыз шындықты өз халықтарынан және бүкіл әлемнен жасырып отыр. Мұнда Тибет және ШҰАР-дағы діни және этникалық қудалауды қоспағанда осы берілген ақпараттың жалғандығынан әлемнің 4-тен 1 құрайтын халық зардап шегіп отыр. Демек, шынайы ақпараттық құқықтан мақрұм болуда. Көріп отырсыздар, ақпарат адамдар үшін, олардың ұрпақтары мен өз болашақтары үшін қаншама маңызды екенін осыдан көре аламыз. Не себепті АҚШ ата заңында Бұқаралық Ақпарат Құралдарын меншіктенуге мемлекеттік мекемелердің тыйым салынатындығы осы үшін қажет. Халық немесе Бұқаралық Ақпарат Құралдары ешкімнің қабағына қарамастан өзі айтқысы келген шындықты бүкпесіз түрде халыққа жеткізеді. Сол арқылы өз оқырмандарымен нарықтағы орынын айқындай алады. Сол себепті де ақсақты тыңдай, өтірікті шындай халыққа жеткізген Бұқаралық Ақпарат Құралдарының ешқашан базары болмайды. Демек, нарықтан шектеліп қалады. Мен жеке басым, түптің түбінде біз де осыған бару керекпіз деп ойлаймын, біздегі Бұқаралық Ақпарат Құралдары мемлекеттік немесе жеке меншік болуына қарамастан (меніңше, мемлекеттік мүлде болмауы керек) оларды да нарықтық бәсекеге жіберу керек немесе ол шынайы ақпараттық бәсекеде өз орынын табу керек деп ойлаймын. Біздің халқымыз сонда ғана өзінің туған Отаны туралы шынайы ақпаратқа қаныға алады.

Біз мына шындыққа тура қарауға тиіспіз. Біздің халқымыз бүгінгі күні барлық ақпаратты телеарна немесе радиодан алмайды. Олар көбінде әлеуметтік желілер мен тәуелсіз ақпараттық құралдарына сүйенеді. Демек, Қазақстан билігі ақпарат құралдарына деген өз монополиясын жоғалта бастады. Бұқаралық Ақпарат Құралдарынан күрделі проблемалар да туындауы мүмкін, мысалы сеператистік, ұлттық араздық, және қате діни ағымдарға байланысты. Меніңше, мемлекеттің ақпараттық әрекеті мемлекет пен халыққа қауіп төндіретін осындай ағымдарға қарсы бағытталуы керек.

Енді, халықаралық қақтығысқа келер болсақ, біздің ақпараттық құралдарымыз Ресейдің озбырлығы мен Грузия, Украина қатарлы елдердің сол бір озбыр саясаттың құрбаны болғандығын басқаша түсіндіруге, Ресейдің ығына жығылуына әуестенбеу керек еді. Құдай бетін ары қылсын, өгізге туған күн бұзауға да тууы әбден мүмкін. Озбырлық саясатты ақтау мен дәріптеу ешқашан жақсылық әкелмейді. Таяқтың 2 ұшы бар дегенді қазақ бекер айтпаған. Айтайын дегенім, мұндай ақпараттардың біздің жетекші Бұқаралық Ақпарат Құралдарында көрініс беруі мемлекеттік идеологияның, Бұқаралық Ақпарат Құралдарының монополиялық көзқарасын айқындайды. Сол себепті де, мен мемлекеттің дәл осы салаға араласпағанын қалар едім, АҚШ сияқты. Мүмкін біреулер маған дау айтатын шығар, біз шығыстық, Орта Азия еліміз деп, ал 7 ақ баптан тұратын Моңғолияның ақпараттық құралдар туралы заңы бұған куә.

Еліміздің Конституциясында ақпарат құқығы туралы жанама түрде айтылады. ҚР Конституциясында 20-баптың 2-тармағында әрбір адам ақпаратты кез келген, заң рұқсат еткен тәсіл мен ақпаратты еркін алып және таратуға құқылы деп айтылады. Ал ақпаратты еркін алып, тарату үшін

ақпарат құқығына ие болу керек. Әрі қарай, ҚР Конституциясының 18-бабының 3-тарауында: «Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды тұлғалар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір адамзатты оның құқықтары мен міндеттеріне қатысты құжаттар, шешімдер мен ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті» - деп жазылған [4].

Келтірілген мәліметтермен қатар, қазіргі таңда саясаттың жаңа түрі – ақпараттық соғыс терминін де тілге тиек ете кеткен жөн. Қазіргі заманда «ақпараттық соғыс» ұғымының пайда болуы ақпараттық технологиялардың прогресімен тікелей байланысты. Дәстүрлі соғыс барысында ақпараттық ықпал жасаудың әдіс-тәсілдері болмады деп айта алмаймыз, Гай Юлий Цезарь қатысқан азаматтық соғыста да, Шыңғысхан жорықтары кезінде де ақпараттық ықпал ету элементтері өз көрінісін тауып отырған.

Онтологиялық түрде олар постмодерн зерттеушілерінің (Ж.Бодрийяр, Ж.-Ф.Лиотар, М.Постер және Р.Барт), экономист-саясаттанушылардың (М.Кастельс, Р.Райх, Г.Шиллер) және әлеуметтік философтардың (Э.Гидденс, Ю.Хабермас және т.б.) еңбектеріне бет бұрды. Көзқарастардың сан қилы болуына қарамастан, осы ғалымдардың барлығы ақпараттандыру процесі адамзат тарихының барлық кезеңінде көрініс тауып, соңғы жылдары қарқынды дамып, социум дамуының шешуші факторына айналды деген пікірмен келіседі. XX ғасырдың соңындағы қоғамның жаппай ақпараттануы жаһандану процесі мен мемлекеттер сияқты әлемдік саяси жүйенің толыққанды субъектілеріне айналған халықаралық ұйымдардың дамуына тікелей ықпал етті. Осылайша ақпарат пен ақпараттық қоғамның қалыптасуы мемлекет ішіндегі және мемлекетаралық қатынастарды жаңғыртып, жаңа қауіп-қатерлерді дүниеге алып келді [5].

Қорыта айтқанда, ақпараттар заманында Бұқаралық Ақпарат Құқығының алатын орыны аса ерекше. Бұқаралық Ақпарат Құралдары биліктің ерекше саласы бола отырып, әлемде немесе қоғамда болып отырған кез-келген саяси мәселелердің жіп-негізі болып табылады. Атап айтқан, халықаралық қақтығыстар немесе ақпараттық соғыс мәселелерінің өршуі немесе, керісінше, бәсеңсуі әрбір мемлекеттің ақпарат құқығына қойып отырған талабына байланысты болса керек. Адамзат қоғамы бар жерде Бұқаралық Ақпарат Құралдары құқығы бола бермек. Әсіресе, ақпарат заманында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Казахстанская правда, 1991, 3 шілде.*
- 2 *ҚР Үкіметі Ведомствары, 1999. – №21. – 771 б; №10. – 122 б.*
- 3 *Адамдар құқығы және сот өндірісі. Халықаралық құжаттар жинағы. – М., 1996. – 12 б.*
- 4 *ҚР Конституциясы, 1995 ж., 30 тамыз.*
- 5 *Бұхарбаев Б. Қарулы қақтығыстардағы ақпараттық технологиялар: әлемдік тәжірибе және келешегі. – Алматы, 2012. – 4 б.*

УДК 323.28

МРНТИ 11.25.41

Сабитова Ш.А.¹, Нурмагамбетова А.А.²

*¹д.ф.н., профессор кафедры Международного права
Института Сорбонна-Казахстан КазНПУ им. Абая*

*²студентка 1 курса специальности «Международное право»
Института Сорбонна-Казахстан КазНПУ им. Абая*

К ВОПРОСУ О ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

Данная статья представляет собой исследование языковой ситуации в Республике Казахстан. Новые социально-политические реалии Казахстана как суверенного государства требуют языковой политики, отвечающей потребностям полиэтнического населения страны и учитывающей особенности языковой, демографической и политической ситуации. Президент Республики Казахстан придает большое значение проблемам языка и языковой политики в стране. Современная языковая ситуация характеризуется стремлением к трехязычии для достижения большего прорыва на мировой экономической арене. Особенности функционирования и роль казахского, русского и

английского языков обозначены в законодательных документах Республики Казахстан; ему придает особое значение и Елбасы страны Н.А. Назарбаев. Тексты Ежегодных посланий Президента Республики Казахстан, Законы о языке в РК и другие подобные документы послужили базой данного исследования.

Ключевые слова: Республика Казахстан, трехязычие, Конституция РК, политическая ситуация.

Ш.А. Сабитова¹, А.А. Нурмагамбетова²

*¹ф.э.д., Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан Институты,
халықаралық құқық кафедрасының профессоры*

*²1 курс, Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан Институты,
халықаралық құқық мамандығының студенті*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Аңдатпа

Мақала Қазақстан Республикасындағы тілдік ахуалды зерттеу. Егеменді мемлекет ретінде Қазақстанның жаңа қоғамдық-саяси болмысы елдің көпэтносты халқының қажеттіліктеріне жауап беретін және тілдік, демографиялық және саяси жағдайлардың ерекшеліктерін ескеретін тіл саясатын қажет етеді. Қазақстан Республикасының Президенті елдегі тіл және тіл саясаты проблемаларына үлкен мән береді. Қазіргі тілдік ахуал үштілділіктің әлемдік экономикалық аренада үлкен серпіліске жетуге деген ұмтылысымен сипатталады. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қолданылу ерекшеліктері мен рөлі Қазақстан Республикасының заңнамалық құжаттарында көрсетілген. Бұл мәселеге Н.А. Назарбаев ерекше мән береді. Бұл зерттеуге Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы жолдауларының мәтіндері, Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңдар және басқа да осыған ұқсас құжаттар негіз болды.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасы, үштілділік, ҚР Конституциясы, саяси жағдай.

Sabitova Sh.¹, Nurmagambetova A.²

*¹d.f.s., professor, department of International Law,
Sorbonne-Kazakhstan Institute at KazNPU named after Abai*

²1st year student of Sorbonne-Kazakhstan Institute

TO THE QUESTION OF LANGUAGE POLICY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

This article is a study of the language situation in the Republic of Kazakhstan. The new socio-political realities of Kazakhstan as a sovereign state require a language policy that meets the needs of the multi-ethnic population of the country and takes into account the peculiarities of the linguistic, demographic and political situation. The President of the Republic of Kazakhstan attaches great importance to the problems of language and language policy in the country. The current linguistic situation is characterized by a desire for trilingualism to achieve a greater breakthrough in the world economic arena. Features of functioning and the role of the Kazakh, Russian and English languages are indicated in the legislative documents of the Republic of Kazakhstan; He attaches special importance to the country's Elbasy N.A. Nazarbayev. The texts of the annual messages of the President of the Republic of Kazakhstan, laws on language in the Republic of Kazakhstan and other similar documents served as the basis for this study.

Keywords: Republic of Kazakhstan, trilingualism, Constitution of the Republic of Kazakhstan, political situation.

Язык – не только носитель культуры и ее величайшее явление, но и важнейший политический инструмент. Средства массовой информации и язык играют значительную роль в современной культуре – по сути, они выступают одним из ее основных носителей [1].

На сегодняшний день Казахстан – это многонациональное государство, активно развивающееся, богатое своим культурным наследием, успешно строящая планы на будущее. Одной из приоритетных задач нашего государства – это развитие успешной языковой политики трехязычия. Елбасы Республики Казахстан Н.А. Назарбаев уделяет особое внимание вопросам, касающимся функционирования казахского, русского и английского языков. Следует отметить, что под его руководством в 2007 году был разработан уникальный проект под названием «Триединство языков», который был представлен в Ежегодном Послании народу Республики Казахстан. С момента принятия новой стратегии развития страны «Казахстан – 2050» политика трехязычия, направленная на изучение казахстанцами казахского, русского и английского языков, проводится особенно интенсивно [2]. Итак, целью исследования является описание и характеристика языковой ситуации в Казахстане, а также роль и место казахского, русского, английского языков, изучение концепции языковой политики Республики Казахстан. Основу исследования составили основные положения концепции языковой политики Республики Казахстан. А основную базу источников составили важные юридические документы – тексты Конституции РК, Закон «О языках в Республике Казахстан», Стратегия «Казахстан – 2050», Послание Елбасы РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана [3, 4, 5].

Языковая политика – важная составная часть жизни общества. Без нации нет государства, а без языка нет нации. В мире существует около шести тысяч языков, и только сто из них имеют статус государственного. И то, что Казахстан вошел в число этих государств, событие весьма неординарное. Проводимые исследования ученых показали, что в Республике Казахстан малая часть населения часто сталкиваются с ошибочным мнением людей о том, что государственным языком в Казахстане считают русский язык. В связи с тем важно отметить, что государственный язык в РК – это казахский язык и около 83% (по статье, опубликованной в газете «Караван» в 2016 г.) казахстанцев владеют государственным языком. Но, необходимо помнить, что роль казахского и русского языков невероятно актуальна в Республике Казахстан.

Русский язык и ее культура являются неотъемлемой частью жизни наших граждан. Если вернемся к истории вопроса, то вспомним, что 22 сентября 1989 года был принят Закон о языках в Казахской ССР, где установлено, что «государственным языком Казахской ССР является казахский язык», а русский язык является «языком межнационального общения», что обозначило роль «казахского и русского языков» на законодательном уровне. В Казахстане также соблюдается норма части 2 статьи 7 Конституции РК 1995 года о том, что «В государственных организациях и органах местного самоуправления наравне с казахским официально употребляется русский язык». А также в Законе Республики Казахстан от 11 июля 1997 года №151-І «О языках в Республике Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.05.2017 г.) [6].

В вышеописанном Законе «О языках в Республике Казахстан» статье 8 «Употребление языков» говорится о том, что «языком работы и делопроизводства государственных органов, организаций и органов местного самоуправления Республики Казахстан является государственный язык, наравне с казахским официально употребляется русский язык».

Оценка уровня владения казахским языком граждан в Республике Казахстан осуществляется на основании следующих нормативных документов:

1. Статьи 7, 93 Конституции Республики Казахстан;
2. Статьи 4, 23 Закона Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан» от 11 июля 1997 года;
3. Концепция языковой политики Республики Казахстан, одобренная распоряжением Президента Республики Казахстан от 4 ноября 1996 года №3186;
4. Государственная программа функционирования и развития языков, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 5 октября 1998 года №4106;
5. Концепция расширения сферы функционирования государственного языка, повышения его конкурентоспособности на 2007-2010 годы, одобренная Постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 ноября 2007 года №1122;
6. Концепция развития и внедрения системы КАЗТЕСТ, одобренная постановлением Правительства Республики Казахстан №835 от 11 сентября 2008 года [6].

Из вышеуказанного материала, следует отметить, что русский язык является неотъемлемой частью в жизни казахстанцев, а доказательством этому служат слова назидания великого Абая. В 2020 году Республика Казахстан будет отмечать 175-летие великого просветителя, поэта, философа Абая

Кунанбаева. В своих словах назиданиях великий Абай Кунанбаев в двадцать пятом слове призвал учиться русской грамоте: «Нужно учиться русской грамоте. Духовные богатства, знания, искусство и другие несметные тайны хранит в себе русский язык. Чтобы избежать пороков русских, перенять их достижения, надо изучить их язык, постичь их науку. Потому что русские, узнав иные языки, приобщаясь к мировой культуре стали такими, какие они есть. Русский язык откроет нам глаза на мир. Изучив язык и культуру других народов, человек становится равным среди них, не унижается никчемными просьбами. Просвещение полезно и для религии. Русская наука, культура – ключ к мировым сокровищам. Владеющему этим ключом как и все другое достанется без особых усилий».

Говоря о современных исследованиях языковой политики в любом государстве, следует отметить, что надо и учитывать некоторые проблемы. Всем представителям молодого поколения следует учить в будущем государственный казахский язык на высоком профессиональном уровне. Многих людей беспокоит проблема изучения государственного языка. К сожалению, некоторые учителя до сих пор слышат пренебрежительные замечания о занятиях в школе, где обучаются казахскому и русскому, английскому языку от родителей и учеников как в сельской, так и городской местности. Преподаватели языков часто слышат в свой адрес или адрес коллег неудовлетворение тем, как преподаются казахский, русский, иностранный язык. Родители обучающихся отмечают, что слишком много заучивания, большое количество домашней работы детям, сложные переводные упражнения, а также большая загруженность в школах и другие имеются проблемы. Очень много споров в обществе по внедрению новых учебников в школах, где некоторые учебники не были апробированы и имели фактологические ошибки, поэтому обязательно будут проходить квалифицированную экспертизу и данный вопрос взят на контроль государством.

Казанские исследователи Султан Д.С., Сабирова Д.Р. отмечают, что в 2017 году Казахстан занял 67 место из 80 стран мира по владению английским языком по рейтингу EF English Proficiency Index, что показывает очень низкий уровень владения английским как языком международного общения. Во времена развития инновационных технологии, чтобы достичь уровня мировых достижений в науке, образовании, экономике и других, нужно освоить английский язык каждому казахстанцу [6].

На чем и делает акцент Президент нашего государства в каждом своем ежегодном послании народу: «Будущее казахстанцев – за свободным владением казахским, русским и английским языками. Идеалом нашего общества должен стать казахстанец, знающий свою историю, язык, культуру, при этом современный, владеющий иностранными языками, имеющий передовые и глобальные взгляды» (из Послания Президента РК от 2018 г.) [6]. «Как говорит один мудрец: «Знать много языков – значит иметь много ключей к одному замку», то есть, изучая языки, мы сможем достичь многого: национального единения, сохранения языкового многообразия, поднятия на совершенно новый уровень, интеграции Казахстана в мировое сообщество [7].

Провели опрос среди преподавателей и студентов вуза о владении казахского и русского, иностранного языка среди молодежи в последние годы. Если вернемся к изучению русского языка, то отметим, что за двадцать пять лет существования Республики Казахстан местное население (казахскоязычные казахи) плохо стали говорить на русском. Наши наблюдения показали, что сейчас наоборот русскоязычные казахи стали говорить на казахском языке лучше, чем двадцать пять лет тому назад. Казахстанская молодежь быстро усваивает иностранные языки – английский, французский, немецкий, китайский, турецкий, корейский, японский, арабский. Данная тенденция отмечается тем, что увеличилось количество часов изучения иностранного языка за последние годы в школах и вузах. Родители обучающихся уделяют внимание своим детям по изучению иностранных языков больше чем в предыдущие годы.

В Институте Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая студенты изучают углубленно французский язык. Преподаватель французского языка к.ф.н., доцент Фаизова К.К. приняла участие в двух Международных проектах. В период между проектами были организованы семинары повышения квалификации, направленные на улучшение профессиональных компетенции преподавателей. Фаизова К.К. в своей научной статье отмечает, что «исследовательская работа в рамках проекта СЕСА показала, что казахстанское общество, и в частности, школа, характеризуется наличием 130 этнических групп, проживающих в контексте полиязычия, которое необходимо учитывать в ситуациях обучения/изучения и оценивания» [8]. Активную работу по полиязычию (трехязычию) проводят преподаватели иностранного языка, а также кто ведет дисциплины «Казахский язык», «Русский язык», «Английский язык», «Французский язык», например, д.ф.н., профессор Сабитова Ш.А., ст. преподаватель Шолтай С.Ш., Сейдуллаева Г.А., к.ф.н., Аскарлова Г.К., ст. преподаватели Нуржакипова А.Д., Бухина С.Б., Талдыбаева А.К., Канаева А.Ж., Токен М.Б. и др.

По словам великого мыслителя Абая, «знание чужого языка и культуры делает человека равноправным с соседним народом, он чувствует себя вольно, и если заботы и борьба этого народа ему по сердцу, то он никогда не сможет остаться в стороне. Такова природа человека» [1, с. 137].

Итак, программа о триединстве языков в Республике Казахстан – это концепция, способствующая в дальнейшем укреплению страны, ее потенциала, успешной интеграции в мировое сообщество, ускоренному развитию конкурентоспособного Казахстана. Данная языковая политика дает все возможности для развития человеческого потенциала, что поможет войти нашему государству в число 30 наиболее развитых стран мира. «Трехязычие должно быть нормальным явлением для нашего общества», – говорит Н.А. Назарбаев. Без сомнения, языковая политика в Казахстане – это путь к светлому и успешному будущему!» [7].

Таким образом, созданная в Казахстане для многих национальностей образовательная и культурная, языковая среда, наличие информационно-культурных объектов: национальных академий и театров, музеев, средств массовой информации, международные связи вносят свою лепту в общее дело процветания Казахстана и его народа, способствует тому, чтобы Казахстан стал органичной частью культуры мира.

Список использованной литературы:

1 Сабитова Ш.А. СМИ, языковая политика РК и культура мира // *Материалы Международной научно-практической конференции «Роль СМИ в формировании культуры мира»*. – Алматы, 7 мая, 2005. – С.134-138.

2 Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // *Казахстанская правда*. – №33(25278), 2007. – 1 марта.

3 Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // *Казахстанская правда*. – 2012. – №218-219. – 10 июля.

4 Государственная программа развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы. – [Электронный ресурс]. – URL: edu.gov.kz (дата обращения 21.10.2019).

5 Назарбаев Н.А. Послание Президента РК народу Казахстана. – [Электронный ресурс]. – URL: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president от 5 октября 2018 г. (дата обращения 7.11.2019).

6 Султан Д.С., Сабирова Д.Р. Современная языковая политика в Республике Казахстан // *Казанский вестник молодых ученых*, 2018. – Том 2. – №5(8). – [Электронный ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennaya-yazykovaya-politika-v-respublike-kazahstan> (дата обращения 7.11.2019).

7 Актанов Д. Языковая политика Казахстана. – [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.gumilevcenter.ru/yazykovaya-politikakazakhstan> (дата обращения 7.11.2019).

8 Фаизова К.К., Шнан-Давэн Ф., Садыкова Г.К. Преподавать и оценивать французский язык в Казахстане: какова динамика педагогических практик преподавателей? // *Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Международная жизнь и политика»*, №3-4(54-55), 2018. – С.217.

УДК 32

МРНТИ 11.01

Б.Ж. Кабдушев¹, К.С. Нұрғалым²

*¹т.ғ.к., Алматы энергетика және байланыс университеті,
Әлеуметтік пәндер кафедрасының доценті, bolat640701@mail.ru*

*²с.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты,
Халықаралық құқық кафедрасының доценті*

**ҰЛТ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ҚЫЛҒАН
(Әділет халық комиссары Мырзағұл Атаниязовтың 120 жасқа толуына арналады)**

Аңдатпа

Мақалада көрнекті қайраткер Мырзағұл Атаниязовтың тұлға ретінде қалыптасуы, шындалуы және заң саласында Әділет халық комиссары және Республика прокуроры болып атқарған еңбегі қаралады. Бұл кезеңде жергілікті сот органдарының құрылуы, прокуратураны қалыптастыру жұмыстары жүзеге

асырылды. Алғаш рет Қазақстанда Жоғарғы Соттың құрылуы Атаниязовтың тікелей араласуымен дүниеге келген болатын.

Түйін сөздер: Әділет халық комиссары, сот-тергеу органдары, губерниялық прокуратура, Қазақ АКСР Жоғарғы Сотының төрағасы.

Кабдушев Б.Ж.¹, Нургалым К.С.²

¹*к.и.н., доцент кафедры социальных дисциплин Алматинского университета энергетики и связи, bolat640701@mail.ru*

²*к.полит.н., доцент кафедры международного права института «Сорбонна-Казахстан» КазНПУ им. Абая, kadyr_n@msil.ru*

СЛУЖЕНИЕ НАРОДУ

(Посвящается 120 летию Народного Комиссара Юстиции Мырзагула Атаниязова)

Аннотация

В статье рассматривается становление как личности видного деятеля Мырзагула Атаниязова и его деятельность в сфере юриспруденции в качестве Народного комиссара юстиции и прокурора Республики. В статье описывается как проводилась работа по созданию местных судебных органов и формированию прокуратуры. Говорится о непосредственном участии Атаниязова в создании первого Верховного суда в Казахстане.

Ключевые слова: Народный комиссар юстиции, судебные-следственные органы, губернская прокуратура, Председатель верховного суда Каз АССР.

Kabdushev B.Zh.¹, Nurgalym K.S.²

¹*candidate of Historical Sciences, Almaty University of Energy and Communications, Associate Professor department of social sciences, bolat640701@mail.ru*

²*associate Professor of International Law, KazNPU named after Abay, Candidate of Political Sciences*

SERVICE OF THE MOTHERLAND

(Dedicated to the 120th anniversary of the People's Commissar of Justice Myrzagul Ataniyazov)

Abstract

The article deals with the formation of the personality of a prominent figure Myrzagul Ataniyazov and his activities in the field of law as a Minister of Justice and Prosecutor of the Republic. The article describes how the work on the creation of local judicial bodies and the formation of the Prosecutor's office was carried out. It shows about Ataniyazov's direct participation in creation of the first Supreme court in Kazakhstan.

Keywords: People's Commissar of Justice, judicial investigative bodies, provincial prosecutor's office, Chairman of the Supreme Court of the Kaz ASSR.



Атаниязов Мырзағұл туралы көп жазылған жоқ. Ол да өз заманындағы көптеген қоғам қайраткерлері секілді шығу тегін жасырып, өмірбаяндық құжаттарында «кедейдің баласы едім» көп көрсетуге тырысқан. Бұл әрине, жалған мәлімет болатын.

1922 жылы Орынборға келіп қызметке орналасқан Атаниязов өзінің жеке істерінде «Ақтөбе губерниясы, Ақтөбе уезі, Батбақты болысының 1-ші ауылында 1899 жылдан 23 желтоқсанында туғанмын. Кіші жүздің Әлімінен Жүкей, Жүкейдің ішінде Шағатайдан тараймыз» деп жазады [1]. Ал, құжаттағы таптық тегі деген көрсеткіш мүлде елеусіз қалған. Шындығы, Атаниязовтар сол өңірдің ауқатты әулеттерінің қатарында болса керек. Бұл жөнінде Қазақ Совет энциклопедиясы «Мырзағұл орта шаруа отбасында дүниеге келген» деген деректің шетін шығарып қояды. Тіпті кейбір орыс тілінде басылымдардан «Атаниязовтар өз қаржысын жұмсап, халыққа қажетті су каналын қаздырған» деген мәліметтерді кездестіруге болады.

Мырзағұл жас кезінен еркін мінезімен, зеректігімен көзге түссе керек. Ол әуелі 1906-1908 жылдары ауыл мектебінен білім алды. Содан соң екі кластық орыс-қазақ училищесіне оқуға түседі. Кейін мұғалімдер семинариясын тәмәмдап, «халық мұғалімі» мамандығын алып шығады. Оқу жылдарында нақты ілімдерді игерумен қатар, Мырзағұлдың қоршаған орта туралы әлеуметтік түсінігі де қалыптасады. Сол кезде оны Ресейдің қол астында қайыршылық пен қараңғылық күй кешкен бұқара халықтың болашағы толғандырғаны даусыз. Әсіресе, Бірінші дүниежүзілік соғыстың барысында туған қоғамдық қайшылықтар, қазақтан қара жұмысқа адам алу туралы патша жарлығына қарсы елдің толқуы жас Мырзағұлдың өзіндік көзқарасының айқындалуына ерекше әсер етеді. 1917 жылға дейін мұғалімдік жұмыспен айналысып, жазғы демалыс кездерінде ата-анасының шаруашылығына қолқабыс беріп жүргенін айтады.

1917 жылғы ақпан төңкерісін Мырзағұл Ақтөбеде жүргенде естіп, бірден қоғамдық-саяси жұмысқа бет бұрады. Ол өзі секілді жастардың басын құраған «Жас тілек» мәдени ағарту одағы жетекшілерінің бірі болады.

1918 жылдан бастап Атаниязов Ақтөбе өңірінде кеңес өкіметін орнату ісіне белсене ат салысады. Ақтөбе уездік атқару комитетінің мүшесі ретінде уездік атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарады. 1919 жылы большевиктер партиясының мүшелігіне өтеді.

Ол 1922 жылдың басында орталыққа (Орынборға) ауысып, облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімі менгерушінің орынбасары, ал сол жылғы күздің ортасында Казаткомның шешімімен Әділет халық комиссары және республика прокуроры міндетіне тағайындалады. Жаңа қызметіне қатысты сауалнама сұрақтарына жауап толтырған тұста Атаниязов губерниялық төңкеріс трибуналының аудармашысы болып тәжірибе жинақтағанын жазған еді.

23 жастағы комиссар 17 қазанда 1922 жылы бұйрық шығарып, Әділет халық комиссары қызметіне кіріскендігін мәлімдеді. 18 қазанда Республика прокуроры қызметін қоса атқаратындығы жөнінде бұйрыққа қол қойды. Ал 21 қазандағы бұйрығында ол Ақтөбеге жол жүретіндігін хабарлады [2, 4-5]. Оның бұл жолсапарының басты мақсаты жергілікті сот органдардың жұмысымен жақын танысып, алдағы қызметінің бағыт-бағдарын айқындау болатын. Бұған өзі жақсы білетін туған жерін таңдап алуы да тегін емес-ті. Ол губерниядағы прокуратура, адвокатура ережелерінің енгізілу барысы,

сондай-ақ трибуналдар мен халық соттарының салық жинау кезіндегі қызметін ұйымдастыру сияқты мәселелерді өз көзімен көріп, ақыл-кеңесін берді. Сонымен қатар Ақтөбе қаласында өткен сот қызметкерлерінің губерниялық съезіне қатысты.

Жол сапардан қайтып келісімен Әділет комиссариатының жұмыс алқасының құрамын жариялады. Оған төраға болып М.Атаниязов, мүшелері әділет халкомының орынбасары С.Пилявский, Жоғарғы трибунал төрағасы Н.Нұрмақов, сот құрылысы бөлімінің менгерушісі А.Бірімжанов еді. Бұл алқа 1923 жылдың қаңтар айынан күн тәртібіндегі келелі мәселелерді ақылдасып шешетін мәнді ұйымға айналды.

1922 жылдың соңына дейінгі аралықта Атаниязов губерниялық прокуратура, сот органдарының жұмысын саралап, арнайы нұсқау хаттарға қолын қойды. Оның ішінде жергілікті сот органдарының ауыр материалдық жағдайын шешудегі губатқару комиттерінің міндеті, адвокатура ережесіне қосымша түсініктеме беру, жаза тағайындаудың жолдары, еңбек құжын қорғау сияқты мәселелерге нақты көңіл бөлу қажеттілігі атап көрсетілді. Тұңғыш рет Орынборда сот қызметкерлерін даярлайтын курс ашу жайлы мәселе қозғап, РСФСР Әділет комиссариатына нақты өтініш жасады [3, 32-40].

1922 жылдың 15 желтоқсанында үкімет басшыларының Мәскеуге жол жүруіне байланысты Атаниязовқа Қазаткомның және Халком кеңесінің төрағалары міндетін уақытша атқару тапсырылды. Бұл Атаниязовқа көрсетілген сенім ғана емес, заң ісін орнықтырушы жоғарғы орган – Әділет комиссариатының дәрежесін бағалағандық еді [2, 8].

Басқару ісіндегі маңызды құжаттарға қол қою билігін Атаниязов республикада белең алған қылмыстарға қарсы күресте шебер пайдаланды. Сөйтіп осынау өзекті мәселе Қазатком кеңесінің күн тәртібіне қойылып тиісті шешім қабылданды. Айталық, 22 желтоқсанда Халкомат, басқарма бөлімдері мен жергілікті үкімет орындарының мерзімді басылымдармен бірлесе отырып, қылмыстарды әшкерелеуді талап еткен құпия нұсқау хатқа Қазатком төрағасы міндетін атқарушы Атаниязов бас болып комиссарлар қолын қойды. Онда: «мерзімді газеттер лауазымды қызметкерлердің қылмысы мен заңсыз істерін анықтаған мәліметтерді күн сайын басып отыруды бұрынырақ бастаған болатын. Мұндай оқиғаларға мекеменің жауапты басшылары, сондай-ақ мемлекеттік прокуратура, тергеушілер жіті назар аударып, тіркелген оқиғалар бойынша тексеру жүргізіп, іс қозғауы керек. Әсіресе, тексерудің нәтижелері мен қолданылған шаралар бойынша сол оқиғаны жариялаған мерзімді басылымдарға жауап ретінде беріп отыруы аса маңызды» деп атап көрсетіледі [4, 24].

Сондай-ақ Атаниязов жоғарғы басшы қызметіндегі құзырын республикалық басқару аппараттарын парақорлардан тазалау шараларын ұйымдастыруға да барынша қолданды. Сол жылдардың көрсеткішіне үңілсек, қызмет бабын пайдаланып жасалған қылмыстар екінші орында (21,7 процент) болған екен. Мұндай іспен тіркелгендердің басым көпшілігі лауазымды қызметкерлердің пара алуы оқиғасынан тұрады.

РСФСР Әділет комиссариатының №97 қатынас хатында (1922 жылдың желтоқсан айы) пара алу қылмысына мынадай түсініктеме беріліпті: «1. Қызмет бабын пайдаланып, азық-түлік, сыйлық, т.б. алушылар; 2. Өзіне заңсыз үй, ақша, т.б. иемденушілер; 3. Біреуге қолқабыс жасау негізінде пайда табушылар 4. Делдалдық арқылы пайда көрушілер. Мұндай әрекеттермен айыпталғандар міндетті түрде қатаң жазалануы тиіс» [5, 66].

Атаниязов аталмыш нұсқауды жүзеге асыру үшін әр Халкомат, мекемелер өз ішінде комиссия құрып, әрбір қызметкерді тексеруді тапсыруды. Тексеру барысында күдікті, айыпты саналғандардың ісімен айналысу құқық қорғау органдарына жүктелді. Мұрағат құжаттарымен жақынырақ танысқанымызда, 1922 жылдың соңы мен 1923 жылдың алғашқы айларында пара алу қылмысына қарсы пәрменді күрес жүргізілгенінің куәсі болдық. Әр Халкомат, мекемеде құрылған парақорлықпен күрес комиссиясының мәжіліс хаттамалары Қазатком және Халком кеңесінің назарына ұсынылып отырды. Мысалы, 1923 жылдың 20 қаңтарында өткен Еңбек және қорғаныс кеңесінің екінші жабық мәжілісінде Қазақстандағы парақорлықпен күрестің қорытындысы тыңдалды. Бас баяндамашы барлық Халкоматтар, мекемелерде, хабар алынбаған Ақмола және Семейден басқа губерниялық әкімшіліктердің бәрінде комиссия құрылғандығын айта келіп, айтылған істерге тергеу баяу жүріп жатқандығын (Орынбор губсотында 72-іс, трибуналда -19) атап көрсетті [6, 69].

Науқан кезінде қолданылған күрес тәсілдері де ерекшеленетін. Үлкен істерге көпшілік жария ашық процестер ұйымдастырылды. Оның қорытындысы «Еңбекші қазақ», «Степная правда» газеттерінде басылып, жұртшылыққа әйгіленіп отырған.

Жоғарғы лауазымды партия қызметкерлерінің жеке ісі қаралатын облыстық партия комитетінің құрамында арнайы комиссия жұмыс істеді.

Жазалау тәртібі комиссияда мынадай ретпен жүретін: қызметінен алу, партиядан шығару, содан соң ісін сотқа беру.

Ешбір дәлелсіз жазылған арыздан негізінде немесе күдікті деп танылған көптеген жауапты қызметкерлердің мәселесі де мұқият қаралды. Қазатком мүшесі Байдилдин, Қаржы комиссарының орынбасары Райхман, Жоғары трибунал төрағасы Арғыншиев, Жер ісі комиссариатының белді қызметкерлері Жаманмұрынов, Назаренко сияқты беделді адамдар жауапқа тартылды. Мұндай «сыннан» өткендердің кейбірі жоғары қызметпен мәңгіге қоштасты. Ол аз болғандай жеке ісіне тіркелген бұл ескертулер 1937 жылдардың қуғын-сүргінінде «кеңес өкіметіне қарсы жауыздық әрекет жүргізген» деген айыпты мойындарына ілудің бұлтартпас айғағына айналды. Дегенмен де орын алған осындай асыра сілтеушілікке қарамастан қылмысқа қарсы күрестің осынау батыл тәсілдері өз нәтижесін берді деп айтуға болады. 1923-1924 жылдар аралығында қызмет бабын пайдаланып жасалынған қылмыстар 17 пайыздан 6 пайызға азайды [7, 46-51]. 1923 жылдың 9 қаңтарында Атаниязов әділет халық комиссары қызметіне қайтып келісімен 3 күнге созылған алқа мәжілісін өткізді. Осы кездері оның ұйымдастырушылық қабілеті айрықша көрінді. Күн тәртібінде қойылған мәселенің қай-қайсысы да мәні жағынан өте ауқымды еді. Солардың бір-екеуіне ғана қысқаша тоқталып кетейік. Бірінші, РСФСР сот құрылысы туралы Ережесін республика территориясына енгізуге байланысты өзгертулер жасау жайлы комиссия ұсынысы тыңдалды. Талқылаудан соң жергілікті ерекшеліктерге сай мына өзгертулер мақұлданады: 11-бап бойынша «Қазақстанда заңгер мамандар тапшылығын ескеріп, әділқазыларға қойылатын еңбек стажын 1 жылға кеміту, көп ұлтты тұрғындардың арасында көпшіліктің тілін меңгерген әділқазыны сайлап қою»; 13-бап бойынша «Халық әділқазысын мерзімінен бұрын Губатқару комитеті Әділет халкомының келісімімен қаулы шығарып ала алады»; 41-бап бойынша «Орыс-қазақтар аралас тұратын аймақтарда губсот мүшелерінің тең жарымы юстиция комиссариатының шешімімен қазақ тілі мен жазуын білетін мамандардан іріктелуі керек, т.б» [8, 8].

Алқа мәжілісінде тұңғыш рет РСФСР Жоғарғы сотының қазақ бөлімін құру туралы ереженің жобасы қаралды. Бұл жөнінде алқа өз ұсыныстарын енгізіп, қорытынды сөзді Қазаткомға айтқызып, сосын Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетіне бекітуге жедел жіберу керек деп шешті. Сондай-ақ келесі алқа мәжілісіне Жоғарғы трибунал төрағасы Нұрмақовқа Жоғарғы соттың жұмыс құрамын дайындап әкелуді тапсырды.

Мәжіліс аяқталысымен 12 қаңтарда Әділет комиссариатының Сот құрылысы ережесін республика аймағына енгізу үшін губерниялық соттарды ұйымдастыру туралы №11 қатынас хат губернияларға жолданды. Онда бақылау және арыз-шағымдарды қарау қызметін атқарып келген губерниялық трибуналдар мен халық соттарының орнына құрамына төрағасы мен екі көмекшісі енгізілетін «үштіктер» құру қажеттілігі, оған жергілікті жердегі барлық ұйымдастыру жұмыстарының жүктелетіндігі атап көрсетіледі. Бұл сот тергеу аймақтарын құру, халық кеңесшілерінің тізімін жасау, сот мамандарын іздестіру сияқты жұмыстар еді. Хатта қазақтар мен орыстар аралас тұратын аудандарда губерниялық сот мүшелерінің жартысын қазақ тілін меңгерген мамандардан іріктеу, ал таза қазақ аудандарында мамандардың басым көпшілігі қазақ ұлтынан болу қажеттілігі нақтыланды. Бұл шын мәнінде сот өмірінде түбегейлі бетбұрыс тудырған тарихи құжат болды.

Қаңтардың 13-і күні Атаниязов тағы да Ақтөбеге жол жүріп кетеді. Бұйрық кітапшасына мынадай жазу қалдырыпты: «Қазаткомның маған берген мандаты негізінде бүгін Ақтөбе қаласына аттанамын» [2, 10]. Бұл сапарында Атаниязов жергілікті губсоттарды ұйымдастыру ісіне басшылық жасап, түсінік жұмыстарын жүргізеді. Сондай-ақ сот және тергеу аймақтарын ұйымдастыру, трибуналдар мен халық соттарының кеңесін жою барысында олардың істерін қабылдап алу, ерекше еңбек сессияларын құру сияқты мәселелерге бағыт береді. Өз өкімін пайдаланып, губсоттың құрамын – төрағасы С.М. Бытко, орынбасарлары етіп Құлымбетов пен Әлмұхамедовты тағайындайды. Адай және Торғай уездерінде губсот құрмай-ақ, Адайда, Оралда, Торғайда, Ақтөбеде отыратын өкілдері арқылы іс жүргізу керек деген қорытындыға келеді.

1923 жылдың 13 ақпанында өткен Қазобкомның төралқа кеңесінде ӘХК және РП Атаниязовтың «Сот құрамын бекіту туралы» баяндамасы тыңдалды. Нәтижесінде: а) РСФСР Жоғарғы сотының қазақ бөлімі мына құрамда бекітілсін: төрағасы Нұрмақов, орынбасары И.Кочкин, мүшелері Демме, Арыстамбеков, Голубцов, Алексеев; ә) Ақтөбе губерниясының прокуроры болып Кочкиннің орнына Присяжный тағайындалсын; б) Орынбор губсотының төрағалығына Башилов, орынбасарлығына

Галкин бекітілсін; в) Адай және Торғай уездерінің соттары Ақтөбе губсотына бекітілсін деген шешім қабылданды. Сонымен бірге Бөкей губерниялық сотын құру мәселесі бойынша Атаниязовтың өзі барып қайтқаны жөн деген тілек айтылады. Байқауымызша, комиссариаттың жауапты қызметкерлерінен бастап әділет комиссарына шейін губернияларға өздері барып, жұмыстың қайнаған ортасында жүруі сол уақыттағы жұмыс үрдісі болған сияқты.

Істі осылай білікті ұйымдастырудың нәтижесінде Атаниязов белгіленген мерзім ішінде, яғни 15 наурызға дейін губерниялық соттарды толық құрып бітеді. Орынбор, Ақтөбе, Семей, Бөкей және Қостанай губернияларындағы губсот үштіктері жергілікті ұйымдық жұмыстың ұйытқысына айналды. Сөйтіп республика бойынша халық соттарының 138 аймағы, 101 тергеу аймағы құрылды. Губерниялық және халық соттарына халық заседательдерін сайлау аяқталды. Қорыта айтқанда, Ережеге сәйкес бірыңғай сот жүйесі – халық соты, губерниялық сот, Жоғарғы сот қалыптасты.

Сот жүйесінің қайта құрылуына байланысты Әділет халық комиссариатының рөлін жетілдіру қажеттілігі туды. Бұл мәселе, 16 ақпанда ӘХК Атаниязов, орынбасары Пилявский, Жоғарғы сот төрағасы Нұрмақов, сот құрылысы бөлімінің меңгерушісі Бірімжановтың қатынасуымен өткен алқа мәжілісінде арнайы қаралды. Ал, 1923 жылдың 23 наурызында Қазатком жаңа Ережені бекітті. Ол бойынша Әділет халкоматына прокуратура, адвокатура, алдын ала тергеу органдары, нотариат, т.б. құқық қорғау органдарын ұйымдастырып, басшылық жасау, Қазақстан территориясындағы барлық құқықтық істерге бақылау орнату, республика заңдарына түсініктеме беру, салалық мамандар даярлау сияқты міндеттер жүктелді. Әділет халық комиссариатының мынадай құрылымы бекітілді: әділет халық комиссары және ол республика прокуроры міндетін қоса атқарады. Комиссариат құрамында алқа жұмыс істейді және ол 4 бөлімге (сот құрылысы, және бауылау, прокуратура, заң дайындау және жүйелеу-баспа, әкімшілік-қаржыландыру) бөлінеді.

Губерниялық соттарды жергілікті бюджеттен қаржыландыру көзделген болатын. Алайда, қаржының уақытында бөлінбеуі жас органның жағдайын нашарлатып жіберді. Ол жайында Әділет комиссариатының арнайы хабарланып, губсот қызметкерлерінің ауыр ахуалы газеттерде жазылды. Мысалы, 1923 жылдың 31 қаңтарындағы өмірінде «Степная правда» газеті «Семей сот-тергеу органдары жергілікті қаржыға көшірілгеннен бері бірнеше ай қатарынан бір тиын да алған емес. Көп айлар бойы әділқазылар мен тергеушілер жалақы алмай, соңғы қорларын тауысып, жанұяларымен ашығуда», - деп жазды. Атаниязов 22 қаңтар күні барлық губерниялық атқару комитеттеріне жедел хат жолдап, сот органдарының қоғамдағы алатын орны мен атқаратын рөліне ерекше мән беріп, «Сот органдарына мемлекеттік аса маңызды мәселелерді жүзеге асыру жүктеліп отыр. Жақсы жолға қойылған сот аппаратынсыз еліміздің саяси-экономикалық өмірінің бірқалыпты дамуын қамтамасыз ету мүмкін емес» деп көрсетті. Олардың жағдайына көңіл бөлуді, тіпті қаржыландыру мүмкін болмаған тұста алатын жалақысы есебінен азық-түлікпен қамтамасыз етіп отыруды талап етті.

1923 жылдың 23 наурызында Атаниязов пен сот құрылысы бөлімінің меңгерушісі Бірімжановтың губсоттарға жолданған қатынас хатында алғаш рет сот ісіне әйелдерді қатыстыру ісі көтерілді. Ол үшін: 1) сот жұмысына әйелдерді тарату, әйел бөлімдері арқылы кеңесшілер тізіміне ерлермен қатар әйелдерді де енгізу; 2) әйелдер мәселесі қаралатын істерді шешуге халық кеңесшілері құрамына әйелдерді қатыстыру сияқты шаралар белгіленді. Бұл шешімдердің шын мәнінде қоғамдық-саяси мазмұны зор болды. Тұңғыш рет елімізде әйелдерді сот жұмысына тартудың негізі қаланды.

Атаниязов 1923 жылдың 23-24 наурызында Әділет комиссариатының алқа мәжілісін соңғы рет өткізді. Онда Орынбор, Орал, Семей, Ақтөбе губерниялық сотының мүшелері бекітілді. Содан соң Орынбор қаласында заң курсының ұйымдастыру арнайы комиссияға жүктелді. Оқу мерзімі 6 ай, сабағын 1923 жылдың 1 мамырынан бастау көзделді. Сондай-ақ мәжілісте Мәскеудегі 2 жылдық Жоғары заң курсына оқуға жіберілетін Атаниязов пен Башиловтың кандидатуралары қаралды. Алқа бірінші кезекте Атаниязовты жіберген дұрыс деп табады. Бұл шешімді облыстық партия комитетінің төрағасы бекіткен соң, 1923 жылдың 4 сәуірінде Атаниязов Мәскеуге жүріп кетеді [8, 32-33].

Мәскеудің 2 жылдық Заң курсы бітірген соң 1925-1927 жылдар арасында Мырзағұл Атаниязов Қазақстан Республикасы прокурорының көмекшісі, жоғарғы соттың төрағасы ретінде құқық қорғау органдарын жетілдіруге бар білім, күш-жігерін жұмсады. 1927-1932 жылдар ішінде ол партиялық жұмысқа ауысып, Ақмола және Семей округы атқару комитетінің төрағасы, Өлкелік комитетінің жауапты нұсқаушысы, Қарқаралы округы және Қызылорда аудандық партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды. 1933 жылы Әділет халық комиссариатының құрамында прокуратура басқармасы құрылған кезде Атаниязов бірінші прокурор болып тағайындалды. Кейін Әулиата аудандық партия комитетінің хатшысы, ал 1937 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ауыл-

шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болды. Бірнеше мәрте Қазатком және Қазақ өлкелік комитетінің бюро мүшесі, тіпті КСРО Атқару Комитетінің мүшелігіне сайланды.

1938 жылдың мамырында «халық жауы» деген айыппен ұсталып, 15 жылға бас бостандығынан айырылды. Айдауда жүріп денсаулығының күрт нашарлауына байланысты 1943 жылы босанып шығады. Жоғары қызметтен біржола қол үзген ол, өмірінің соңына дейін Ақтөбе облысының музейінде ғылыми қызметкер болып істейді. Атаниязов Мырзағұл 1945 жылдың наурыз айында қайтыс болды.

Атаниязов өзіндік ерік-жігері, көзқарасы бар қоғам және мемлекет қайраткері. Ол туралы толыққанды зерттеу еңбектері әлі де жазыла бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві, (ҚРОМА) 5 қор, 18 тігін, 89-іс.

2 ҚРОМА, 1380-қ., 3-т., 1-іс.

3 Бұл да сонда, 1-т., 242-іс.

4 Бұл да сонда, 5-қ., 3-т., 2-іс.

5 Бұл да сонда, 1380-қ., 2-т., 25-іс.

6 Бұл да сонда, 83-қ., 2-т., 2а-іс.

7 Қабдөшев Б.Ж. Парақорлықпен күрес жылдарында // Заң және заман, 1998. – №4.

8 ҚРОМА, 30-қ., 1-т., 242-іс.

УДК 323.28

МРНТИ 11.25.41

Ахмедова С.Ж.¹

¹магистрант спец. «Туризм» УИЯиДК и преподаватель спец. дисциплин туризма АКТГТК

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ КАЧЕСТВА СТАНДАРТОВ ТУРИСТСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

На современном этапе туризм в Республике Казахстан признан на государственном уровне приоритетной сферой национальной экономики. Обладая богатыми культурно-историческими и природными ресурсами, страна стоит перед проблемой создания современной индустрии туризма, способной привлечь иностранных и отечественных туристов. Туристские услуги, в том числе и в рамках гостиничного обслуживания, отнесены к социально-культурным услугам. Они строятся на принципах современного гостеприимства, что повышает их роль в развитии отечественного туризма, а также ставит определённые задачи в системе подготовки кадров для туристско-гостиничного сервиса.

Ключевые слова: международный туризм, туристические услуги, сервис услуг, индустрия туризма, гостиничный бизнес, традиции гостеприимства, отечественный туризм.

С.Ж. Ахмедова¹

*¹"Туризм" мамандығы магистранты
және арнайы туризм пәндерінің оқытушысы*

ТУРИСТІК БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТТАРЫ САПАСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасындағы туризм мемлекеттік деңгейде басым сала, ұлттық экономикаға әсер мол сала болып саналады. Бай мәдени-тарихи және табиғи ресурстарға ие бола отырып, ел шетелдік және отандық туристерді тартуға қабілетін жетілдіруде. Еліміз қазіргі заманғы туризм индустриясын құру проблемасының алдында тұр. Туристік қызметтер, соның ішінде қонақ үй қызметі шеңберінде әлеуметтік-мәдени қызметтерге бағыт алынуда. Бұл қазіргі заманғы қонақ-

жайлылық қағидаттарында құрылады және олардың отандық туризмді дамытудағы рөлін арттырады, сондай-ақ туристік-қонақ үй сервисі үшін кадрлар даярлау жүйесінде белгілі бір міндеттерді қояды.

Түйін сөздер: халықаралық туризм, туристік қызметтер, Қызмет көрсету сервисі, Туризм индустриясы, туристік-қонақ үй бизнесі, қонақ үй дәстүрі, отандық туризм.

Akhmedova S.Zh.¹

¹Undergraduate spec. "Tourism" Week and teacher specials. disciplines of tourism AKTGTK

PEDAGOGICAL ISSUES OF QUALITY STANDARDS OF TOURIST EDUCATION

Abstract

At the present stage, tourism in the Republic of Kazakhstan is recognized at the state level as a priority area of the national economy. Possessing rich cultural, historical and natural resources, the country faces the problem of creating a modern tourism industry capable of attracting foreign and domestic tourists. Tourist services, including hotel services, are classified as social and cultural services. They are based on the principles of modern hospitality, which increases their role in the development of domestic tourism, as well as poses certain tasks in the training system for tourist and hotel services.

Keywords: international tourism, tourist services, service of services, tourism industry, tourism and hotel business, traditions of hospitality, domestic tourism.

Казахстан вступивший, как и все страны мирового сообщества в эпоху глобализации и «четвертой технологической революции», сегодня как никогда нуждается в глубокой социально-экономической модернизации и реализации своего инвестиционного потенциала. В этом контексте особое место занимает проблема подготовки высококвалифицированных кадров в сфере туризма. Как одной из самой экономически емкой отрасли имеющей огромный потенциал. В сегодняшней системе профессионального образования в сфере туризма особое значение уделяется качеству подготовки специалистов, что позволит обеспечить успешное развитие туризма в Казахстане. За последние годы учебными заведениями накоплен значительный опыт подготовки кадров для туристско-гостиничного бизнеса, достаточно глубоко изучены разнообразные педагогические инновации, позволяющие обеспечить подготовку высоко конкурентных специалистов. Тем не менее, остается много важных вопросов, которые требуют обсуждения и решения, в том числе, проблемы национальной идентификации туристского образования в условиях глобальной интеграции, взаимодействие учебных заведений и работодателей в процессе подготовки кадров, механизмы оценки качества и востребованности образовательных услуг в сфере туризма и другие.

Понятно, что сегодня, когда развитие туризма постепенно становится приоритетной национальной задачей и актуализируется активность государственной политики в этой сфере, в основе новой парадигмы лежит расширение предметной деятельности выпускников. Подготовка кадров для сферы туризма не должна исчерпываться подготовкой только кадров для индустрии туризма. Следовательно, система туристского образования должна совершенствоваться не только в части её практической составляющей и более полного соответствия задачам турбизнеса, но и развивать академическую часть и готовить специалистов для решения задач, лежащих в широкой предметной области, охватываемой деятельностью по развитию национального туристского пространства.

Имеющий место в отечественной педагогической практике тезис об основной задаче образования, заключающейся в постоянном формировании у обучающихся прочных знаний для отечественной индустрии гостеприимства, обернулся рядом недостатков, когда специалист превращается в работника, который много знает, но мало что умеет и не обладает достаточным комплексом профессиональных навыков. Альтернативой такой парадигме образования выступает компетентностный подход, согласно которому основной целью образования является формирование у обучающихся способности к активному труду во всех его формах. В данном случае направленность образования обусловлена иерархией профессиональной деятельности. Профессиональная деятельность может осуществляться на операционном, тактическом и стратегическом уровнях, когда специалист во всей системе производства, в экономических, технологических и общественных отношениях самостоятельно определяет необходимое содержание профессиональной деятельности.

Содержание высшего образования реализуется непрерывно и по уровням: средне-профессиональное обучение, бакалавриат, магистратура. Построение содержания образования подчиняется

определенной логике. В частности, наиболее нуждающимися в постоянном обновлении уровнем образования является бакалавриат и магистратура - подготовка кадров высшей квалификации. В этой связи наиболее подвижными по своему содержанию являются магистерские программы, целевая ориентация которых опирается на результаты научных исследований вуза [1].

В соответствии с разработанной моделью дополнительного профессионального образования в вузе может быть внедрена модульная образовательная программа шести уровней, а именно:

- профессиональное обучение кадров массовых контактных профессий (экскурсовод, гид-экскурсовод, инструктор по туризму, аниматор туризма и др.);
- интенсивные краткосрочные программы продолжительностью до 72 часов с выдачей сертификата вуза (сертификационное обучение);
- программы краткосрочного повышения квалификации (от 72 до 144 часов) с выдачей удостоверения о повышении квалификации;
- программы повышения квалификации (от 144 до 576 часов) с выдачей свидетельства о повышении квалификации;
- программы профессиональной переподготовки специалистов, рассчитанные на 500 и более часов, с выдачей диплома о переподготовке;
- программы MBA-туризм (мастер делового администрирования).

Учитывая возрастание роли туристской отрасли в развитии экономического потенциала требует научного осмысления и обоснования процессов, происходящих в туристской сфере, создания стройной системы подготовки кадров, освоения современной модели профессионального туристского образования. На сегодняшний день около 50 процентов, а то и выше, казахстанских специалистов в этой сфере не имеют базового профессионального образования. Особенно остро нехватка профессионалов отрасли ощущается в регионах. В целом, специалист в области туризма должен обладать высоким уровнем эрудиции и совокупностью личностных характеристик, обеспечивающих возможность решения проблем профессиональной деятельности, которые отражаются в следующем: целеустремленность; любознательность; ответственность; аналитические способности; гибкость; доброжелательность; активность; открытость; креативность; динамизм и дружелюбие. Данные характеристики формируются в процессе применения инновационных форм обучения, таких как: тренинги, деловые игры, решение кейсов, ролевые и деловые игры, моделирующие ситуации, лекции-экскурсии, создание сайтов.

Хотелось бы, еще раз подчеркнуть, несмотря на то, что современное развитие туризма является одним из ведущих экономических и социально-культурных факторов, проблема подготовки квалифицированного и конкурентоспособного персонала для сферы туризма остается актуальной. Таким образом, для решения этой проблемы необходимы:

- координация совместной деятельности образовательных заведений, предприятий, организаций и учреждений туристской сферы;
- обновление и переориентация системы профессионально-педагогической, профессионально-психологической и методической подготовки и переподготовки квалификации специалистов высшей школы;
- обеспечение специализированных учебных заведений учебно-методическими пособиями по туризму, психологии и педагогике, профессиональной ориентации.

Ожидаемым результатом исполнения приведенных выше задач предвидится создание устойчивых предпосылок развития туристского сектора рынка труда и системы профессионального образования в сфере туризма [2].

В настоящее время в данной отрасли экономики существует множество проблем наиболее актуальными из которых являются: слабая правовая база и правовое регулирование, недостаточная инновационное развитие, отсутствие налаженной и разработанной концепции развития индустрии туризма в Казахстане. Проблема управления кадрами в сфере туризма всегда актуальна, наряду с проблемой некачественного сервиса, стандарты которого не соответствуют общепринятым международным стандартам. На сегодняшний день, основными задачами сферы туризма является развитие рыночных отношений, внедрение современных методов регулирования данных отношений, проведение социально психологической диагностики, уменьшение вероятности возникновения конфликтных ситуаций, повышение профессионального уровня специалистов социально культурного сервиса и туризма, постоянное проведение маркетинговых исследований и др. Помимо социальных проблем в данной отрасли экономики в последнее время наблюдается обострение проблемы

связанной с политической и экономической нестабильностью. Перечисленные выше проблемы значительно тормозят развитие туризма и как следствие способствуют массовому оттоку дохода. По причине глобализации туризм является наиболее приоритетной в сфере услуг. Путешествие стало важным элементом образа жизни современного человека. Сфера туризма является наиболее активно развивающейся, но проблема кадрового обеспечения является довольно острой. Несмотря на то, что кадры для туристической индустрии готовят большое количество специальных образовательных учреждений и высших учебных заведений, на рынке туристских вакансий существует дефицит квалифицированного персонала. Согласно оценкам экспертов, на сегодняшний день большинство (до 75%) персонала туристских компаний не имеют образования специалиста в сфере социально-культурного сервиса и туризма. По результатам опроса директоров ведущих компаний туроператоров была выявлена необъяснимая закономерность – не большое количество руководителей обращают внимание на наличие у претендента высшего профессионального образования. Туристские компании вынуждены обучать специалистов с целью повышения уровня профессиональной подготовки, затрачивая при этом немалые финансовые ресурсы. Многие работодатели считают, что нанимать неопытных специалистов, которые только окончили учебное заведение нецелесообразно. Ими перечислены ряд недостатков, которые присущи вчерашним выпускникам, а именно: отсутствие оценки выбранной профессии, слишком завышенные требования к работодателям, неграмотность, неумение взаимодействия с клиентами и коллегами, недостаток практических знаний и навыков. Спрос на туристское образование растет, есть образовательные учреждения, которые способны удовлетворить этот спрос, но при этом вопрос квалифицированных кадров остается актуальным. Сегодня нет спроса на специалистов широкого профиля. Необходимы конкретные знания, умения и навыки. Начинает признаваться необходимость специализированного образования по западному образцу. Кроме того, необходимо выработать единые стандарты и требования по подготовке специалистов по конкретным туристским направлениям, обеспечить процесс обучения высококвалифицированными специалистами-практиками, уделить большое значение получению практических навыков в процессе учебы (главный недостаток молодых специалистов - низкий уровень практических знаний и навыков). Учебные программы необходимо максимально приблизить к потребностям работодателей, необходимо развивать у студентов мобильность, эрудированность, коммуникабельность, умение продавать любой туристский продукт. В процессе обучения в вузе недостаточное внимание уделяется практической подготовке студентов, недостаток финансовых средств не позволяет в должной мере использовать систему прохождения производственной практики, как на месте, так и за рубежом, что не позволяет совершенствовать языковую подготовку, а также знания в области туризма и гостиничного бизнеса [3].

Работник туристской индустрии должен быть хорошо образован и опираться не только на свой практический опыт, но и на лучший опыт более опытных сотрудников, регулярно знакомиться с постоянными изменениями и инновациями в динамично развивающейся отрасли. На сегодняшний день также остро возник вопрос - отсутствие системы повышения квалификации сотрудников. Специалисты нуждаются в постоянной актуализации своих профессиональных знаний и навыков. Туристские компании вынуждены своими силами заниматься повышением квалификации своих сотрудников. Широко распространяются семинары для персонала в сфере туризма. Тематика таких семинаров многочисленна: от изучения отельной базы и экскурсионных возможностей отдельных направлений до методики работы с системой бронирования оператора. Туроператоры различных компаний регулярно организуют ознакомительные туры и выездные мастер-классы. И все же проблема повышения квалификации стоит довольно остро. Возвращаясь к выявленной проблеме несоответствия профиля образования профилю деятельности, полагаем необходимым внедрить в систему управления персоналом организации сервиса и туризма специальную программу повышения квалификации и обучения. Наиболее распространенная форма повышения квалификации - это обучение на рабочем месте. Деятельность в сфере социально-культурного сервиса и туризма в немалой степени зависит не только от уровня образования, но и от опыта и приобретенных навыков. Исходя из этого, необходимо, чтобы любая организация туризма и гостеприимства имела специальную программу развития персонала. Программа должна включать в себя несколько уровней подготовки: - тренинги, соответствующие занимаемой должности; - курсы повышения квалификации, которые могут проводиться 1 раз в год (или в 2 года) в специализированном учебном заведении, где работников организаций туризма и гостеприимства познакомят с новыми тенденциями и новыми технологиями; - стажировки, посещения профильных выставок и рекламных туров для туристических

компаний. Существуют три причины, влияющие на недостаточную квалификацию персонала организаций туризма и сервиса. Первая причина - несоответствие профиля образования и профиля деятельности. Вторая причина - отсутствие программ повышения квалификации сотрудников предприятий сферы туризма. Третьей причиной, воздействующей на качество услуг данной сферы, является малое количество времени, выделяемого в учебных планах специальности «Туризм» на практические занятия и производственную практику. Специфика сферы социально-культурного сервиса и туризма состоит в том, что качественное обслуживание клиентов постигается как на теоретическом, так и на практическом уровне. Нами разделяется точка зрения практиков туристского бизнеса о необходимости увеличения сроков производственной практики студентов вузов по специальностям «Туризм» и «Организация обслуживания гостиничных хозяйств». Туроператору невыгодно заключать с перевозчиками договоры в пользу туриста, проще приобрести билеты для туристов и включить в договор с туристом условие о том, что туроператор не несет ответственности в случае переноса или задержки рейса авиакомпанией. Это приводит к огромному количеству жалоб, связанных с неисполнением или некачественным исполнением услуг по перевозке. Такие жалобы туристские организации отказываются удовлетворять, отсылая пассажиров-туристов к соответствующим исполнителям услуг - то есть к компаниям-перевозчикам. С введением вместо лицензирования и обязательной сертификации института банковских гарантий и страхования ответственности туроператоров, несмотря на благую цель - экономически защитить туристов от недобросовестных компаний, обнаружилось несовершенство правового регулирования гарантов ответственности. Появление в рыночных отношениях еще одного субъекта - гаранта ответственности (страховой компании или банка) - усложняет разрешение конфликтных ситуаций. Новые и диверсифицированные старые формы деятельности на рынке туристских услуг, трансформация договорной практики и документооборота, усложнение каналов сбыта услуг, развитие информационных технологий и другие новации туристского бизнеса не отражены ни в общем, ни в отраслевом законодательстве. К примеру, не регламентированы интернет-продажи (on-line бронирование через туроператора, самостоятельное формирование турпакета потребителем услуг) [4]. Недостатки Закона об основах обнаруживаются и в случаях, когда турагент дополняет продукт туроператора собственными услугами, при туристском консалтинге (оказание консультационных услуг по самостоятельной организации путешествия), географическом коучинге (предоставление туристам информации о географических особенностях предполагаемого места посещения для самостоятельного планирования маршрута и организации поездки) и прочих новациях современного турбизнеса. По поводу законодательного регулирования ряда новшеств у специалистов возникают расхождения. Многие из них полагают, что такие услуги, как туристский консалтинг и географический коучинг, регламентировать вообще не стоит, так как они не относятся к перечню туристских услуг, образующих турпакет. Существует также мнение, что эти услуги должны быть закреплены в соответствующих нормах отраслевого законодательства, так как последствия некачественного их оказания могут быть весьма серьезными. Таким образом, проблема квалифицированного персонала является актуальной, но в тоже время предпринимаются попытки решения данной проблемы.

Список использованной литературы:

- 1 Закон РК «О туристской деятельности», С.15.
- 2 Мухамадиева Ю.П., Полупанов И.И. Актуальные проблемы кадрового обеспечения в сфере туризма // Молодой ученый, 2018. – №13.2. – С.15-17.
- 3 Назарбаев Н.А. Казахстан-2030. Процветание, безопасность и улучшение всех казахстанцев // Казахстанская правда, 2009. – 39(87).
- 4 Управление человеческими ресурсами организации: учебник / под. ред. А.Р. Алавердова С. – Москва: «Синергия», 2012. – 655 с.

УДК 378.016:811.111
МРНТИ 16.01.45

М.У. Шайданов¹

¹Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ,
«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының ІІ курс магистранты
Алматы қ., Қазақстан

ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТІЛДІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ БІЛІКТІЛІКТІҢ КІЛТІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Бұл мақалада мәдениетаралық және лингвистикалық білімнің негізгі аспектісі ретінде әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудың маңыздылығы мен қажеттілігі қарастырылады. Бұл мақалада мәдени білімді дамытуға қатысты біліктілік және оның компоненттері туралы егжей-тегжейлі ақпарат берілген. Бұл мақалада студенттер үшін мәдени-гуманитарлық білімнің негізгі көзі ретінде гуманитарлық пәндерді қолдануды зерттеуге арналған. Осы мақаланың мақсаты әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру мен қалыптастырудың негізгі себептерін көрсету болып табылады.

Түйін сөздер: құзыреттілік, гуманитарлы білім, мәдени диалог.

Шайданов М.У.¹

¹магистрант ІІ курса специальности «Иностранный язык: два иностранных языка»
КазУМОиМЯ им. Абылай хана
г. Алматы, Казахстан

СОЦИОКУЛЬТУРНАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ КАК КЛЮЧЕВАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ КУЛЬТУРНО-ЯЗЫКОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Статья рассматривает важность и необходимость формирования социокультурной компетентности как ключевой аспект развития межкультурного и языкового образования. В данной статье представлена подробная информация о компетенции и её компоненты, которые связаны с развитием культурного образования. Данная статья посвящена изучению использования гуманитарных предметов как основных источников культурного и гуманитарного знания для студентов. Целью данной статьи является представление основных причин, формирование и структура формирование социокультурной компетентности.

Ключевые слова: компетентность, гуманитарное образование, культурный диалог.

Shaidanov M.U.¹

¹Undergraduate II course of the specialty "Foreign Language: two foreign languages"
KazUIR & WL named after Ablay Khan
Almaty, Kazakhstan

SOCIO-CULTURAL COMPETENCE AS KEY COMPETENCE OF CULTURAL AND LINGUISTIC EDUCATION

Abstract

This article Indicates the importance and necessity of building socio-cultural competence as a key aspect of the development of intercultural and linguistic development. The given article provides detailed information about the competence and its components that are related to the development of cultural education. In this article is devoted to the study of the use of humanitarian subjects as the main sources of cultural and humanitarian knowledge for students. The purpose of this article is to present the main reasons for the formation and structure of the formation of socio-cultural competence.

Keywords: competence, humanitarian education, cultural dialogue.

Қазіргі жаһандану заманында, әлемдегі даму қарқыны түрлі сипат алып, түрлі мәдениеттерге тиесілі қоғамдардың байланысын арттыруда. Жиырма бірінші ғасыр үлкен өзгерістер кезеңі болып жатыр, атап айтар болсақ: қоғамда, мәдениетте әрі әлемдік экономикада. Әрине, бұл өзгерістер заманауи технологиялармен бірге жүреді. Өзгерістер мен бәсекелестікке толы бұл әлемде, өзге мәдениетке тиесілі қоғам мүшесімен ара-қатынасқа түсу қабілеті ерекше талап етілуі анық. Ғалымдардың сараптауынша қазірге кезде технологиялық бағыттағы мәдениетаралық қатынас кеңінен етек алуда. Осы факторлар бізге әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті игеруді өзекті мәселе етуде.

Кез келген ұрпақ өз заманында қоғамда әлеуметтік-мәдени нормалармен өмір сүріп, соларға сәйкес жеке тұлға ұғымын анықтап отырған. Әлеуметтік мәдени құзыреттілік ұғымы гуманитарлық бағытта өз құндылығын арттыра түседі. Себебі болашақ маманның бұл құзыреттілікке ие болуы шартты түрде қаралады. Қалыптастыру үдерісі педагогикалық процес барысында жүреді.

Алдыңғы әлеуметтік мәдени нормалардың сақталуы аса маңызды рөл атқарады. Оған бірден бір себеп тұрақсыз мәдени түсініктердің пайда болуы тұлғаны сипаттауға қиындықтар туғызып жатады. Ал сақталған нормалар ол мәселеде бірден бір шешім болып табылады.

Қазіргі Қазақстан қоғамындағы өзгерістердің көбею, ашып айтар болсақ, қоғамдағы жеке тұлға мәселесі мен мәдени сабақтастығы, гуманитарлық бағыттағы білім алу құндылығын асырып барады. Әрбір даму мен өзгеріс артынша білім саласына әсерін беріп жаңаша әдістер мен теориялардың тууына әкеліп соғуда.

Гуманитарлы білім беру қоғамда ерекше маңызды рөлге ие. Тұлғаның бар адами қасиеттерін қалыптастыруда бұл бағыттың әсері ең үлкен екендігіне байланысты, дәстүр, мәдениет, білім және қоғам құндылықтарын танытушы әрі орнатушы негізгі білім беру көзі болып есептеледі. Гуманитарлы бағыттағы бар еңбектер оқушыны әлем тануға жақын етіп, өз елі жайлы ғана емес өзге ел жағдайы, экономикасы, мәдениеті мен дамуы жайлы хабар табады [1]. Осы ойға сүйене отырып гуманитарлы жүйе оқушыны әлемдік бәсекелестікке сай заманауи білімге ие болуын қамтамасыз ете отырып, өз мәдениеті айнасынан шығып өзге ұлт құндылықтарын да ұға білетін білімді де білікті маманның пайда болуына өз септігін тигізуі айдай анық. Осы арада, өз ұлт құндылықтарын тану үдерісінде шетел тілі ерекше керекті құрал екендігі бәріне мәлім. Шетел тілі де гуманитарлы саланың ажырамас бір бөлігі әрі мүмкіншіліктерді еселейтін жолы ретінде көрінеді.

Елімізде қабылданып жатқан жаңа реформалардың салдарынан гуманитарлы бағыттың дамуы және шетел тілдерінің үйретілуі кеңінен қарастырылып жатыр. Жаңа технологиялық бағыттар пайда болып эксперименттер арқылы сыналуда. Шетел тілін меңгеру негізгі мақсаттардың бірі ретінде бекітілуде. Себебі шетел тілін үйрену оқушыға өзге қоғам мәдениетіне тікелей жол ашып, оның өзге ұлт менталитеті мен таныс болуына мүмкіндік жаратады. Гуманитарлы бағыт шетел тілін қоса отырып, оқушының ойлау қабілетін үдете түседі. Бұл бағыттағы пәндердің негізгі мақсаттары келесідей:

- Өзге ұлт тілі мен әдебиетін үйрену. Себебі әдебиет бұл мәдениеттің ажырамас бір бөлігі әрі ұлттың рухани қайнар көзі болып табылады;

- Логикалық ойлау қабілетін дамыту;

- Шетел тілінде жазу және сөйлеу қабілеттерін дамыту;

- Негізгі мақсат етілген шетел тілінде сөйлеуге қабілеті бар басқа оқушылармен тілдесу үшін жағдай жарату [2].

Мәдениетаралық келіспеушіліктердің пайда болуы, оларға шешім табу керек екендігін айқын етті. Осы орайда, америкалық зерттеушілер әлеуметтік- мәдени құзыреттіліктің оқушыларда қалыптасуы үшін арнайы орта жаратылуы қажет екендігін айтты. Жаратылған орта арқылы, оқушылар өзге мәдениетті тікелей сезіне отырып, пайдалы коммуникация орната отырып әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті игеруге алға қадам жасайды. Қолдан жасалған орта өзге мәдениетке сіңісе отырып, өз мәдениетін шет көзбен бағалай алу қабілеті пайда болады [3].

Осы факторларды есепке ала отырып, әлеуметтік-мәдени білім беру мен әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті оқыту білім беру саласында маңызды орынға ие болып отырғанын байқаймыз. Әлеуметтік-мәдени білім беру гуманитарлы бағыттың ерекшелігі болып отыр. Себебі гуманитарлы білім беру оқушыға бар мәдени ортаны жаратып, шетел тілімен өзге ұлт мәдениетін таныту мүмкіндігін береді.

Шетел тілін ғана білу, оқушыны мәдениетаралық қатынасқа дайын екендігін көрсетпейді. Себебі мәдени білімсіз оқушы өзге қоғам нормаларынан хабарсыз болып, мәдени диалог барысында кекілжіңге жолығу мүмкіндігі өте жоғары. Неміс ғалымы Й.Хердер тіл екі ұлт арасындағы мәдени

түсіністік табуға әрі қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін негізгі құрал екендігін айта отырып, мәдени білім алу керектігін ерекше айтып өткен. Хердер ойынша мәдени білімге ие болу гуманизмның кілті ретінде танылады [3]. Осылайша тіл білімін мәдени біліммен тікелей қатынаста меңгеру оқушының әлеуметтік-мәдени түсінігінің пайда болуына өз әсерін беруі анық.

Мәдениетаралық қатынас әрі мәдени диалог бұл өз мәдени құндылықтарын таныстырумен қатар өзге ұлттың мәдени құндылықтарын түсіне білу. Мәдени диалог кезінде әрбір адам өзге мәдениетті өз мәдениетімен салыстыра отырып қабылдайды. Осыған байланысты, әлеуметтік-мәдени білім өзге мәдени құндылықтарды бағалауға ерекше көмек береді [4].

Осылайша, мәдениетаралық қарым-қатынас әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің қалыптасуының кайнар көзі болып табылады. Бұл процес кезінде оқушы өзге ұлт салтын, дістүрін, дінін және әдет ғұрыптарын кеңінен тани отырып өзінің ұлттық құндылықтарымен салыстыра алады. Қарым-қатынас кезінде оқушы «жат мәдениетті» танумен қатар өз мәдениетін таныстыра отырып әрі оны сақтау арықшылығы әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті игеру процесіне түскен екендігін анық көрсете алады. Әлеуметтік-мәдени болу тұлға бойында «бейбітшілік» қасиетін көрсетіп, оны қоғамның бағалы мүшесі етуі анық.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік өзіне қосымша компоненттерді қосумен толықтырылып отырады, олар: тілдік-елтану, әлеуметтік-лингвистикалық, әлеуметтік-психологиялық, ұлттық мінез-құлық және мәдени компоненттер.

Компоненттерді меңгерудегі негізгі оқу мақсаты:

- Шетел тілінде мәдени құзыретті болу мен құзыреттілікті қалыптастыра алу;
- Ұлттық мәдениетті игеріп, оны шетел тілінде өзге ұлтқа таныстыра алу;
- Мәдениетаралық қарым-қатынаста жетістікке қол жеткізіп, өзара толлеранттылық орнату;
- Ұлттық мәдениетті бағалай білу мен қатар сарапқа сала алу [5].

Осы мақсаттардың орындалуы әлеуметтік-мәдени құзыреттілікке қол жеткізуге жағдай жарататын әрі мәдени диалог сәтінде біліктілікті танытатын арнайы тапсырмалар болып табылады.

Шетел тілін үйрету мен гуманитарлы білім беру кезінде көптеген педагогикалық тәрбие беру мүмкіндіктері ашылып, оқушыны рухани бай әрі құзыретті жеке тұлға етіп қалыптастыруға болады. Қалыптасып үлгерген тұлға шетел тіліндегі білімдерінен тыс, ұлттық мәдени жетістерден хабардар болып, ұлттық құндылықтарды бағалау қабілетіне ие болады.

Тіл мен мәдениетті тұтас оқыту Еуропа елдерінде тоқсаныншы жылдардан бері қарай толық қолға алынған болатын. Бұл оқыту үрдісі әлеуметтік-мәдени бағыттағы оқу процесіне жандасуды пайда етті. Әлеуметтік-мәдени оқыту әдісі шынайы мәдени диалог барысында көзге түсіп, ұлттық философия мен болмысты тану мен таныту барысында өз қажеттілігін шартты ететін. Бұл оқыту әдісінен негізгі күтетін нәтиже ол ұлт құндылығын мәдени диалог барысында түсініп, түсіндіре алу қабілеті.

Тұлғаның қоршаған ортада болып жатқан жағдайларды қабылдауы мен түсінуі өзіндік ерекшеліктерге ие. Себебі кез келген индивид өзінің жергілікті менталитетіне сай ойланып әрі ақпаратты соған сай етіп түсінеді. Сол себебті түрлі қоғам мүшелерінің ойлары әрқашан бір-біріне сай келмейді. Ойлаудың, мінез-құлықтың, эмоциялардың түрленуінің өзі адамдардың қоғамына тікелей байланысты дамып отырады. Осы даму бағыттары географиялық орналасу әсеріне қарай өзгеруі мүмкін. Бір-бірімен сабақтастығы бар мәдениеттер арасында түсініспеушілік болуы анық. Бұл, мәдени құндылықтар қайдан алынуына қарамай, өзге мәдениетке енген кезі құндылығы өзгеру ықтималы көбейеді.

Мәдени диалог ұғымы өзіне кем дегенде екі мәдениетаралық қатынастың болуын талап ететін құбылыс. Диалог коммуникацияның орнығуына тікелей әсерін береді. Ал өзге қоғам иесімен қатынасқа түсу барында «тіл» қосылуы анық, шетел тілі ұғыма ретінде. Жат мәдениет иесімен коммуникация орнатудың негізгі шешімі, жоғарыда айтылған «ойлау мен түсіну» ұғымдарын білу. Екінші коммуникант қалай ойлайды, қалайды қоршаған орта ақпаратын түсінеді? Осы сұрақтардың шешімін таба отырып мәдени диалог орнығады. Осы арада, өзге мәдениет пен шетел тілін білуден алдын қойылатын талап, ол, ұлттық тіл мен мәдениетті тереңінен меңгеру. Ұлттық тілді толығымен білмей, шетел тілін үйрену арқылы коммуникацияға түсу үлкен түсініспеушіліктерді туғызуы мүмкін. Мәдени диалог көп ұлтты мемлекеттерде өте өзекті мәселе екені белгілі. Себебі, ол елдер мәдени бай болуына байланысты, мәдени рухани дамуды әрқашан талап етіп отырады. Бұл даму, елдің тарихы мен мәдениетімен танысу, білім алу арқылы өріс алады. Осыған ұқсас даму жүзеге асуы үшін, тілдік әрі мәдени елтану процесі жүруі шарт. Осылайша, шетел тілін ғана емес шетел тұлғасын, оның менталитеті мен мәдениетін меңгеру гуманитарлы бағыттың мақсаты екені айқындалады [5, 6].

Ұлттық мәдениетті меңгеру кез келген мәдениетті түсінудің негізгі тірек күші ретінде қабылданады. Ұлттық мәдениетті меңгеріп қана оқушы өзге халық мәдениетіне қарап әрі халықаралық дәрежеге де өтуі мүмкін. Оқушылардың лингво-мәдени, әлеуметтік-лингвистикалық және әлеуметтік-психологиялық компоненттерінің қалыптасуында негізгі үш аспекті көре аламыз, олар:

1. Ақпараттық – қашан және қандай жолдар арқылы халықтың тұрмысы мен мәдениеті қалыптасуын, өзге ұлттармен ара-қатынасын қарастыру;
2. Құндылықтарды тану – жұмыс барысында әдебиетермен танысу;
3. Мінездік аспект – халықтың қазіргі жағдайын түсініп, болашағын болжау үшін халықтың өткенін зерртеу.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік компонентінің өзекті мәселесі мәдени аспект те кеңінен қарастырылған. Мәдени компонент бізге келесідей мәліметтерді береді:

- Шетел тілін үйреніп жатқан мемлекеттің өмір сүру дәстүрлері, соларға қатысты әлеуметтік құндылықтар, ережелер мен әдет-ғұрыптар;
- Берілген қоғамның әлеуметтік-мәдени көрінісі (халықтың өмір сүруі, тілі және т.б.);
- Рухани және матриалдық мәдени байлықтары;
- Мәдени мұрасы мен мәдени ерекшеліктері;
- Қоғамның коммуникативті аспектісінің әлеуметтік-мәдени нормалары;
- Мәдениетаралық қарым қатынастағы әлеуметтік-мәдени құзыреттілік нормалары [7].

Мәдениетке негізделген материалдардың оқыту процесінде бар болуы, оқушы ықласын арттырып, жұмыстың сапасына жақсы әсер етуі мүмкін. Себебі ықлас оқушыдағы қызығушылық қасиетін тікелей дамытады. Мамандардың ойлауынша ықластың өзіндік бөлімдері бар, олар: құндылықтар мен көзқарастар және қажеттілік пен таным қызығушылықтары. Мәдени матриалдар оқушының танымдық қызығушылығына әсер етеді [7].

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік ұғымына сай гуманитарлық пәндер мен шетел тілін үйрену өзге ұлттың жалпы орта мәдени өміріне кіруге, өзіндік менталитетін түсінуге, өзге мәдениетті бағалауға мүмкіндік жаратады. Себебі кез келген халықтың тілінің арқасында ұлттан ажырамас үлкен тарихқа ие мәдениеті тұруы анық. Шетел тілін меңгеру, оқушыларды өзге мәдениетке құрмет әрі толеранттылықпен қарап, бос стереотиптерге бой алдырмай мәдениетаралық қатынасқа дайын жеке тұлға болуына өз септігін тигізуі анық.

Көптеген ғалымдар әлеуметтік-мәдени мәдени құзыреттілік бұл – сан алуан мәдени, ұлттық-тілдік, мінез-құлықтық, тілдік құндылықтары және қоғамдағы олардың қолданылу нормалары, әрі оның мемлекет ішінаралық жүйедегі алатын орны және тағыда басқа көптеген құндылықтарды өзіне қамтитын күрделі жүйе болып табылады.

Мәдениетаралық қарым-қатынасты әртүрлі лингвистикалық және мәдени қауымдастықтарға тиесілі мүшелердің өзара әрекеттесу процестерінің жиынтығы екені анық. Мәдениетаралық жағдайдағы қарым-қатынас, тіпті оның қатысушылары ортақ тілдік кодқа ие болған жағдайларда да, әрқашан білім мен надандық арасындағы қақтығыстарға, бір-бірімен және басқалар арасындағы, басқа және ортақ арасында, түсіну мен қайта ұғыну арасында әрқашан кекілжіңнің тууы мүмкін екендігін болжам етуге болады.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті зерттеу барсында, оның мәдениет пен гуманитария арасындағы орнататын байланысына көп көңіл білінген. Себебі тілін оқып жатқан мемлекеттің мәдениеті мен тілі, тарихы мен болашағы бар ақпараттар оқыту процесін толық қамтып тұрады. Осыдан, әлеуметтік-мәдени құзыреттілік оқыту процесінің ажырамас бөлігі ретінде жүретіне көз жеткіземіз. Бұл бізге әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің негізгі даму бағыттарын көрсете алады:

- Тәрбиелеу процесі гуманизациялауға негізделген білім алу түрін, мәдени диалогқа негізделі отырып білім беру, өзге мәдениеттің өзгеше ерекшеліктеріне түсіне қарауға, әрі сонымен қатар позитивті түрде санай білуге, құндылықтарды түсініп және түсіндіруге негізделген процесті дамытуға негіз болады. Гуманитарлы пәндердерді және шетел тілін қолдану оқушыларда тілдің әлемдік коммуникацияда ерекше құрал екенін түсінуіне, өзге ұлт мәдениетінің ерекшеліктерін толерантты түрде ұғынуына және белсенді түрде өмір сүруін қамтамасыз ететін процестер;

- Жалпы оқыту процесі өзге мәдениеттен ұлттық мәдениетке ауысу барысында өзара байланыстың бао болуын тексеру арқылы салыстыру қабілеттерінің дамуына әсер етеді;

- Бұл даму оқушыда өзіндік шешім қабылдау мен өздік түсінікке ие болу қасиеттерінің пайда болуына әсер етеді;

- Бұл даму арқылы құзыреттілікке ие болу, оқушының алдағы үлкен қоғамда толеранты түрде қарым-қатынас жүргізуіне ықпалын тигізіп, коммуникациялық қабілеттердің арта түсуіне өз әсерін береді.

Шетел тілі мен мәдениетін үйренушілер мен үйретушілер негізгі талап бойынша қос-мәдени тұлға болуы керек. Өзге мәдениет білімін меңгеруде ұлттық мәдениет білімінің деңгейі анықталады. Шетел тілін үйрену барысында оқушының интуитивті үйрену процесі жүріп, ол әлеуметтену барысында жүреді. Ал енді, тіл үйрену процесінде саналы түрде жүретін, ассимиляциялау процесі тілдің құндылықтарын да қоса үйренуіне өз әсерін береді. Тілдің түпкі негізінде әлеуметтік-мәдени негіздер жатыр. Өзге қоғам, мәдениет иелері арасындағы коммуникация нақты әлеуметтік-мәдени құзыреттілік пен мәдени факторларға негізделеді.

Жоғарыда көрсетілген теория мен факторларға сүйене отырып қазіргі әлемдік даму процесінде мәдениеттердің бір бірімен ара-қатынасының дамуы мәдениетаралық коммуникацияның өзекті мәселеге айналып отырғандың көрсетеді. Мәдениетаралық қатынастың мәдени диалогында әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің қажеттілігін айқын көріп отырамыз. Мәдени білім ұлттық мәдениеттен бастау алу оның болашақтағы пайдасының жоғары екендігін көрсетеді. Себебі өзге мәдениетті салыстырмалы түсіну барысында ұлттық мәдени білімнің рөлі бірінші орында тұрады. Әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің зерттелуіне байланысты анықтамаларның түрленуін байқай аламыз. Бұл құзыреттілік оқушыға оқыту процесінде ғана емес алдағы уақытта кез-келген мәдениетаралық қатынаста қажет екенін анық көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Демидова Л.Т. Социокультурные ценности содержания гуманитарных дисциплин – фактор социализации личности учащегося гимназии: автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Казань, 1998. – 20 с.
- 2 Ушинский К.Д. Избранные педагогические произведения. – М.: Учпедгиз, 1968. – 735 с.
- 3 Ломтева Т.Н. Базовые концепции межкультурной коммуникации // Язык и образование в диалоге культур: материалы 44 науч.-метод. конф. преподавателей и студентов «Университетская наука-региону». – Ставрополь: Изд-во СГУ, 2000. – 199 с. – С.3-15.
- 4 Hexelschneider E. Interkulturelle Verständigung und Fremdsprachenunterricht // Deutsch als Fremdsprache. – 1986. – №1. – S.1-12.
- 5 Аранзаева С.Э. Национально-региональный компонент образования на уроках немецкого языка. / С.Э. Аранзаева, С.Ж. Цыбикова // Deutsch baut Brücken: материалы Российско-немецкого форума. – Улан-Удэ: Изд-во Бурятского гос. ун-та, 2004. – 214 с. – С.44-46.
- 6 Аскарлова Г.К. Методика формирования международно-стандартного уровня владения иностранным языком на основе когнитивно-лингвокультурологического комплекса. Диссертация канд. пед. наук. – Алматы, 2008.
- 7 Башмаков А.И. Новые цели, задачи и технологии XXI образования века / А.И. Башмаков, А.И. Владимиров, В.А. Грачев, Н.А. Дегтярева, Д.Н. Жедяевский, В.В. Попов, А.В. Сазонова, М.Н. Филатова, А.А. Харин // Новые инфокоммуникационные технологии в социально-гуманитарных науках и образовании: материалы международной Интернет-конференции. – М., 2002. – С.30-48.

УДК 37.091

МРНТИ 3:811.111

А.Ж. Қанаева¹

*¹№64 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі пәні мұғалімі
Алматы қ., Қазақстан*

**ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ
ЖҮРГІЗІЛМЕЙТІН СЫНЫПТАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА
ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫ**

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі кезде білім беру саласында көтеріліп жатқан өзекті мәселелердің бірі - жаңа технологияларды орта мектептерде тиімді пайдалану және оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сынып оқушыларының қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда жаңа технологиялардың рөлі

қарастырылған. Сонымен қатар, жаңашылдық - білім беру саласының алдында тұрған жаңа міндеттер мен мақсаттарды сәтті орындаудың негізгі шарттарының бірі ретінде қарастырылып, оқу-тәрбие жұмыстарының тиімділігі мен өнімділігін арттыруға септігін тигізетіні туралы айтылады. Оқу процесінің тиімділігі мен сапасы мұғалімнің әдістемелік дайындығы және сабақ жүргізу тәсілдері мен әдістеріне, инновациялық технологияларды игерулеріне тікелей байланысты болады. Сондай-ақ, мақалада оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін пайдаланылатын дидактикалық ойындардың түрлері мен негізгі мақсаттары көрсетілген.

Түйін сөздер: қазақ тілі, жаңа технологиялар, білім, оқу процесінің тиімділігі, дидактика.

Канаева А.Ж.¹

¹*учитель казахского языка общеобразовательной школы №64
г. Алматы, Казахстан*

РАЗВИТИЕ РЕЧЕВЫХ НАВЫКОВ У УЧАЩИХСЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА С НЕКАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

В данной статье рассматривается роль новых технологий, являющихся одними из важнейших вопросов в сфере образования, а также эффективное использование новых технологий при формировании навыков говорения на казахском языке у учеников с неказахским языком обучения. В то же время инновации рассматриваются как одно из ключевых условий успешной реализации новых целей и задач в области образования и способствуют повышению производительности и эффективности образовательной работы в целом. Эффективность и качество учебного процесса напрямую зависят от методической подготовки учителя, методов и приемов обучения, от владения инновационными технологиями. В статье также изложены основные цели и типы дидактических игр, которые используются для формирования навыков говорения учащихся.

Ключевые слова: казахский язык, новые технологии, образование, эффективность учебного процесса, дидактика.

A.Zh. Kanayeva¹

¹*kazakh language teacher of secondary school №64
Almaty, Kazakhstan*

DEVELOPMENT OF SPEECH SKILLS STUDENTS USING NEW TECHNOLOGIES IN THE LESSONS OF THE KAZAKH LANGUAGE WITH A NON-KAZAKH LANGUAGE OF TEACHING

Abstract

This article discusses the role of new technologies, which are one of the most important issues in the field of education, as well as the effective use of new technologies in the formation of speaking skills in Kazakh for students with a non-Kazakh language of instruction. At the same time, innovations are considered as one of the key conditions for the successful implementation of new goals and objectives in the field of education and contribute to increasing the productivity and efficiency of educational work in general. The effectiveness and quality of the educational process directly depends on the methodological training of the teacher, teaching methods and techniques, and ownership of innovative technologies. The article also outlines the main goals and types of didactic games that are used to form students' speaking skills.

Keywords: kazakh language, new technologies, education, educational process effectiveness, didactics.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты оқушының коммуникативті мәдениетін қалыптастыру және дамыту, оның қазақ тілін практикалық қолданыста пайдалану қабілетін дамыту болып табылады [1].

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауы талаптарына сәйкес қазақ тілін оқытудың әдістемелік жүйесі (оқыту мақсаты, білім мазмұны, күтілетін нәтижелер) жаңғыртылып, оқушы-

лардың интеллектуалдық әлеуетін тілдік-коммуникативтік құзыреттіліктері негізінде дамытуға басымдық берілді. Оқу пәнінің білім мазмұны коммуникативтік, прагматикалық талаптар бойынша жетілдірілді [2].

Сондықтан да, әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді.

Оқыту технологиясы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолындағы алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі болып табылады. Қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен құралдарды бағдарлама мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты. Берілген анықтамалардан “технология” *techné* - өнер, шеберлік және *logos* - ғылым, заң, яғни технология дегеніміз шеберлік (өнер) туралы ғылым екенін білуге болады [3].

Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б. [4].

Қазақ тілін оқыту барысында сөйлеу әрекетінің дағдыларын тиімді қалыптастыру мақсатында төмендегі оқыту технологияларын пайдалануға болады:

